Приходится, однако, отметить, что стремление навязать свою волю другим странам, добиться смены неугодных правительств все еще нередко заменяют толерантность и консенсус, о важности которых говорит Н.А. Назарбаев [8]. Недавний пример этого – трагедия Ливии. И эта тема выходит за пределы данного доклада, но обойти ее невозможно.

«Война в Ливии основана на обмане, на фабрикациях, на лжи», - писала исследователь из Бангладеша Рахнума Ахмед [9]. По ее мнению Совет Безопасности ООН принял две резолюции по Ливии: 1970 и 1973 гг. на основе неподтвержденных обвинений, хотя снимки со спутников показывали, например, что не было атак правительственных сил с воздуха ни по Бенгази, ни по Триполи [10].

Под предлогом защиты гражданского населения начались бомбардировки, в результате которых это же население и гибло. Их цель была далеко от заявленной. Даже тогдашний генеральный секретарь Лиги арабских государств Амр Мусса, который выступал за принятие резолюций СБ ООН, сетовал «То, что происходит в Ливии, отличается от цели установления зоны, запретной для полетов, мы хотим защиты гражданских лиц, а не бомбардировки их» [11].

Но интервенты фактически игнорировали и эту позицию, и усилия Африканского Союза по достижению политического урегулирования, они любой ценой добивались пресловутой «смены режима». И делали это те же самые люди, которые лишь за четыре месяца до этого участвовали в саммите Африка-Европейский Союз в Триполи и в его декларации выражали «благодарность Лидеру Революции и народу Великой Социалистической Народной Ливийской Джамахирии за заботу, гостеприимство и внимание, проявленные по отношению к участникам Саммита» [12].

Интервенция НАТО и союзников из арабских монархий сыграла важнейшую роль в «смене режима» в Ливии. Более того, госсекретарь США Хилари Клинтон признала ответственность за убийство Муамара Каддафи, когда, примеривая на себя тогу Юлия Цезаря (и не подозревая, что телекамеры работают) заявила: «Мы пришли, мы увидели, он умер») [13].

Еще одно замечание. Полвека назад, когда шел процесс деколонизации, Португалия, будучи чрезвычайно слабой экономически и поэтому, опасаясь потерять свои позиции в колониях, не пошла на предоставление им независимости, что привело к долголетней вооруженной борьбе. Хотя исторические параллели не всегда уместны, создается впечатление, что державы Запада, явно ослабев экономически, они все чаще прибегают к использованию грубой силы, забывая, что могут получить отпор, причем, как теперь выражаются, «ассиметричный».

Нынешний экономический кризис, затронувший, прежде всего, эти страны, показывает необходимость выработать новые критерии развития, распрощаться с «консюмеризмом». Президент Казахстана в своем интервью Первому каналу российского телевидения подчеркнул, что кризис не прекращается с 2007- 2008 годов. По его словам,

«все это говорит о том, что идет мировая эрозия, будем говорить, западных ценностей, а в общем, надо говорить об эрозии общества потребления, которое пользовалось легкими кредитами, пока этот «пузырь» не «лопнул» [14].

Какие же реальные формы, как в политической, так и в экономической областях приобретает сотрудничество тех стран, которые понимают всю важность многополярного (или, как иногда выражаются, полицентричного) мира?»

Еще в марте 1994 г. Президент Казахстана выдвинул идею создания Евразийского Союза Государств, и хотя, по его словам, тогда эту идею «оказались не готовы предметно обсуждать политики», именно «эта инициатива стала прорывом для интеграционного процесса на пространстве СНГ. В последующие годы она поэтапно воплощалась в жизнь в создании целого ряда успешных межгосударственных структур – Организации Договора о коллективной безопасности, Евразийского экономического сообщества, Таможенного союза Казахстана, Беларуси и России» [15].

По его мнению, созданный тремя странами - Россией, Казахстаном и Беларусью Таможенный союз и продвижение к единому экономическому союзу трех этих стран – «это как раз ответ и выход из положения в наших условиях» [16].

После образования Таможенного союза в декабре 2010 года на саммите ЕврАзЭС в Москве были достигнуты договоренности о создании Евразийского союза на базе ЕЭП Белоруссии, Казахстана и России. Эти намерения были подтверждены в статье В.В. Путина «Новый интеграционный проект для Евразии – будущее, которое рождается сегодня» (2011) [17]. За ней последовала и статья тогдашнего председателя Государственной Думы Бориса Грызлова в «Независимой газете», где утверждалось, что создание Евразийского Союза позволит России стать ещё одним мировым полюсом влияния [18]. Представляется, однако, что таким полюсом должно стать не одно государство, а ЕАС в целом, тем более, что отношения в нем основываются на равноправии и консенсусе при принятии решений.

Если же выйти за пределы «постсоветского пространства», то в качестве одного из проявлений многополярности можно назвать Шанхайскую организацию сотрудничества, в которой активную роль играет Казахстан.

Другое, не менее важное, но неформальное международное объединение, а точнее форум, это БРИКС, в состав которого входят Бразилия, Россия, Индия, Китай и Южная Африка, которое во многом стало ответом на разбалансированность мировой экономики и политики в начале XXI века.

Так называемая «Большая восьмерка» (G 8) – объединение значительно более старое, а лучше сказать – устаревшее. В условиях, когда большинство стран этой группы переживает экономический кризис, оно не может реально претендовать на ведущую роль. Именно в условиях мирового финансового кризиса была возрождена другая группа - «Двадцатка» (G 20), однако решающего влияния на его преодоление она (по крайней мере, пока) не оказала. Поэтому приходится согласиться с высказанным Президентом Казахстана мнением о том, что «к сожалению, форматы G-20, G-8 демонстрируют неэффективность» [19].

Этим и вызвано вдвинутое им 15 декабря 2011 г. предложение «радикально расширить число участников в поисках антикризисных решений для мира. Новую коммуникативную площадку я предлагаю назвать проект G-Global», которая позволит проводить всестороннее обсуждение актуальных проблем современного мира.

Список литературы

1 Назарбаев предложил пять принципов: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: http://www.zakon.kz/top_news/4492381-nazarbaev-predlozhit-pjat-principov-g.html - (Дата обращения 07.01.2013).

2 Казахстанская правда. – 2012. - 18 августа.

3 Назарбаев Н.А. Без правых и левых. - Москва: Молодая гвардия, 19957. - С. 246-247.

4 Frank A-G. Soviet and East European Socialism. A review of international political economy on what went wrong // Economist Review (Colombo). - 1993. - vol.19, № 2, 3, May-June.

5 Amin S. US militarism and the new world order. Southern African Political and Economic Monthly (Harare). – 1992. – November.- P.17.

6 Назарбаев предложил пять принципов: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: http://www.zakon.kz/top_news/4492381-nazarbaevpredlozhil-pjat-principov-g.html - (Дата обращения 13.01.2013).

7 Назарбаев Н.: Я призвал формировать новое мироустройство в формате и на принципах G-GLOBAL: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1346228340>- (Дата обращения 23.01.2013).

8 Назарбаев предложил пять принципов: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: http://www.zakon.kz/top_news/4492381-nazarbaevpredlozhil-pjat-principov-g.html - (Дата обращения 13.01.2013).

9 Ahmed, R. NATO's War in Libya: Protecting to Kill, Killing to Protect // Global Research. - 2011 October 9.

10 Там же.

11 Evans D. Arabs say Gaddafi must go, wary of Western action: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.reuters.com/article/2011/03/20/us-libya-idUSTRE7270JP20110320> (20 May 2012). - (Дата обращения 21.01.2013).

12 Tripoli Declaration. EuroAfrica.net: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://europafrica.net/2010/12/01/tripoli-declaration/> - (Дата обращения 22.01.2013).

13 Youtube. Hillary Clinton on Gaddafi: We came, we saw, he died: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.youtube.com/watch?v=Fgcd1ghag5Y> - (Дата обращения 21.01.2013).

14 Назарбаев считает союз РФ, Беларуси и Казахстана ответом на кризис: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.ria.ru/economy/20121007/768505904.html#ixzz28jEnabDJ> - (Дата обращения 07.01.2013).

15 Назарбаев Н. От идеи к истории будущего // Известия . – 2011. - 24 октября.

16 Там же.

17 Путин В. Новый интеграционный проект для Евразии – будущее, которое рождается сегодня // Известия. - 2011. - 3 октября.

18 Грызлов Б. Будущее за нами. «Единая Россия» на деле доказала, что способна решать стоящие перед страной задачи // Независимая газета. – 2011. - 15 ноября.

19 Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев предлагает создать проект G-Global на базе Астанинского экономического форума: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://g-global.aef.kz/about/gglobal/>- (Дата обращения 5.01.2013).

Шубин В.Г.

Биполярлық әлем 21 ғасырда

Мақалада КСРО ыдырағанна кейінгі биполярлық жүйенің орнына орнаған бірполярлық жүйе мен оның негізгі принциптері баяндалады. Автор ҚР Президенті Н. А. Назарбаевтың жаңа бастамаларын және оның әлемдік саясаттағы алатын орнына жеке тоқталған. Қалыптасып отырған бірполярлық жүйе ме әлде одан бөлек пе – деген сұрақтарға жауап іздейді.

Shubin V.G.

Multipolar world in the 21st century

The article describes the principles bipolar system installed instead of bipolar after the collapse of Soviet Union. The author focused on the foreign policy pursued by the President of Kazakhstan N. Nazarbayev.

ТҮРКІЛІК ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЛАРЫ

Бөлекбаев С.Б., *филос.ғ.д., халықаралық қатыныстар кафедрасының профессоры, Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан*

В данной статье автор рассматривает историю тюрков, тюркскую культуру, и феномен тюрков. С новых позиций рассматривают взаимоотношения тюрков с Китаем, Римской империей, Византией, Англией и другими странами и цивилизациями.

Ключевые слова: Тюрки, империя, культурная цивилизация, историческое сознание, толерантность, кочевая цивилизация

Түркілердің тарихына талдау жасау барысында алып түркі мемлекеттерінің өмір сүруінің «ұзақ уақыттылық» феноменінің себептерін ашу, олардың кең-байтақ империяларды және көптеген халықтарды басқару «құпиясын» білу маңызды. Біздің көзқарасымыз бойынша, көптеген басқалай себептермен қатар, ең алдымен, көптеген халықтарды шегіне жеткен деспотиялық басқаруда өздерінің даралығын, тілін, мәдениетін, дінін, соның ішінде өз билеушілерін сақтай отырып, үйлесімділікте бірге өмір сүруге мәжбүр етуінен көрініс табатын түркілердің толеранттылығы себебімен байланысты. Олардың толеранттылығы мемлекет түсінігінің түркілік ерекшелігінен, халықтарды басқарудың түркілік өзгешелігінен бастау алады. Түркілер өздерінің дамыған өркениеті бар бағыныштыларының көмегіне арқа сүйейтін, ал олар өз кезегінде маңызды мәселелерде түркілерге сенім білдіретін; түркілер сонымен қатар олардан кейде тиімді техниканы, кейде өмір салтын, дін мен тілді өз пайдасына асырып, қолдануға қысылмаған. Олардың басты қамы, жаулап алынған халықтар мен тайпаларды ұйымдастырып, басқару, оларды шайқасқа алып шығу болды. Осылар олардың не себепті бағынған халықтармен ассимиляцияланып кетуімен аяқталып отырғанын түсіндіріп береді. Түркілік толеранттылықтың ақтық негізделуі ретінде, олардың «әлемдік мемлекет» идеясын есептеуге болады. Тек осы идеямен ғана әлемдік мемлекеттің түркілік түсінігін түсіндіруге болады. Ал Оғыздардың аңызындағы «аспан біздің шатыр, ал күн біздің байрағымыз» делінуі, түркілердің әлемдік мемлекет туралы түсінігінің болғандығын дәлелдеп береді. Егер де бұл анықтамаға байыптап қарар болсақ, түркілік мемлекеттің маңызды себебін түркі мемлекеті әлемдік үстемдік жолында осы территориядағы барлық бағынған халықтарға басты мұрат ретінде діни, мәдени, экономикалық және әлеуметтік таңдау еркіндігін ұсынуын көруге болады. Түркілердің бағынышты халықтарға жасаған құқықтардың кендігі, олардың қоныс тепкен аймақтарының барлығын өздерінің отаны деп санап, жақын жатқан қауымдастықтарды өз этностарынан бөліп қарамағандығымен ұштасты.

Осы тұрғыдан қарағанда, түркілердің бағынышты территориялар мен жергілікті тұрғындарға қатынастағы қондырғылары мен басқару формалары Қытай, Рим, Византия, Англия, Ресей, Кеңес Одағы сияқты империялардың жүргізген саясаттарынан түпкілікті ерекшенді. Түркілік мемлекеттерге, көптеген империяларға тән ереже – жаулап алынған территориялар мен бағынған мемлекеттердегі барлық байлықты өздерінің империяларының астанасына алып кету сипаты жатпайтын еді. Осы тұрғыда Еділді, Шыңғысханды, Бабырды, Газневиді, Осман империясын еске түсіру жеткілікті. Осындай негізде, қазақ даласындағы толеранттылық феномені, оның танымдық қажеттілік, тіпті белгілі бір деңгейде жаулап алынған жердегі тіршілік әрекетіне, бейімделуге рационалды ыңғай болып табылады. Бұл жерде, белгілі-бір деңгейде барлық байлықты, сәулеткердерді, данышпандарды өз астанасына жинаған Әмір Темір ерекшелік ретінде қарастырылады.

Түркі мемлекеттерінің толеранттылығының тағы бір негіздемесі, бағынышты халықтарды қатаң қанаудың болмағандығымен болуы мүмкін. Қатал қарым-қатынас пен қанаушылық тарихтың көрсетіп бергеніндей, әрқашан да көтерілістер мен ұлт-азаттық қозғалыстарға алып келеді. Осы тұрғыдағы түркілердің үстемдігі кейбір жекелеген жағдайларды есептемегенде жасақ алумен және аз мөлшердегі салықтармен шектелініп отырған. Мысалға алсақ, түркілердің өзі, өз малының жүзден бір бөлігін құрайтын мөлшердегі салықты төлеп отырған. Егер адам жүз қойға ие болса, онда тек бір ғана қой беретін болған. Ал жаулап алынған елдерге келер болсақ, олар саны жүз малдың ішінен, үш-төртеуін төлейтін болған. Салық жүйесіндегі осыншалықты жеңілдіктің болуы, жаулап алынған халықтардағы түркі мемлекеттігінің ұзақ мерзімділігінің себептерінің бірі болды.

Олардың қол жеткізген табыстары, тек қана өз заманының ең үздік армиясы мен әлемнің көптеген армиялары, соның ішінде, орыстар пайдаланған жетік әскери өнерге ие болғандығында ғана емес, сонымен қатар олардың мемлекеттік және әкімшілік басқару жүйелері бағынған елдердікінен жетік болғандығында еді.

Тарих, түркілер жаулап алған елдерді тек тиімді басқарып қана қоймай, олардың билігі кезінде осы мемлекетте гүлденудің болғанын көрсетіп те береді. Осыны атап өткен, танымал түркітанушы Р. Рахманалиев түркілер «Бейжіңдегі, Делидегі, Исфахандағы, Дамаскідегі, Бағдаттағы, Каирдегі, Константинопольдегі, Алжирдегі – үш құрлықтың тағы мен тәжін жаулап алғаннан кейін, олар оны жоғалтып алмауға әрекет жасауы керек болды деп жазады [1]. Мысалға алар болсақ, Табғаш билігіндегі Қытай, селжүктер қол астындағы Иран, мәмлүктер басқарған Мысыр, Ұлы Моғолдар заманындағы Үндістан; ал Осман империясына келер болсақ, алғашында исламға қылыш болып, артынан қалқан бола білген, түркілердің аса ірі державаларының бірі болды.

Түркілік мемлекеттерде, ол қаншалықты алып болса да, әрқашан өзінің мақсаты болды. Бұл мақсат Орхон жазбаларында көрсетілгендей қауіпсіздік, тәртіп және әділеттілік болатын. Басқалай айтсақ, әлемді иеленуге ұмтылған түркілердің басты мақсаты сол жерге бейбітшілікті, тәртіп мен әділеттілікті орнату болды. Олар оған тәртіп, нақты әкімшілік және кеден жүйесін қалыптастыру, барлық империя мен көрші мемлекеттердегі сауда қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы қол жеткізді.

Бүтіндей алғанда, мемлекеттік құрылым мен басқарудың түркілік жүйелері, элементтері кез-келген қоғамдық күйзелістерде сақталынып қалатын, қатаң құрылған қоғамдық жүйелерге ие болды. Мемлекеттер пайда болып, күйреп жатты дегенмен жоғарыда келтірілген жүйенің элементтері әрқашан да өміршең болды, сондықтан да осы дайын кірпіштерден басқа мемлекеттің іргетасы тез қаланды.

Толеранттылықтың түпкі тамырын түсіну үшін, қазақ қоғамының құқықтық сферасын қарастыруға болады, көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша, ол ешбір күмәнсіз, зор жалпы адамзаттық және гуманистік мазмұнға ие. Осы байланыстағы басты маңыздылық болып, қазақтардың дәстүрлі құқығының күші, даналығы, өміршеңдігі ондағы құқықтық реттеу қызметінде негіздеуші бастау болып индивидтің әрекетіндегі моральдық белгілердің жоғарылауы болуында. Яғни қазақтардың дәстүрлі құқығындағы мораль құқықтан жоғары саналды. Ғасырлар бойына қалыптасқан моральдық құндылықтарға жасалған озбырлық, қоғамға қарсы қауіпті әрекет ретінде, тіпті қазақтардың көшпелі өркениетінің құндылық бағдарын, мызғымас негізін күйрететін қылмыс ретінде айыпталды. Сондықтан да, көшпелі қоғамның әлеуметтік тәжірибесі ардың тылсым күшін барлық игіліктерден жоғары қойып, формула сипатында бекітілген, аксиомаларды «жаным арымның садағасы», «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» және т.б. мақал-мәтелдерде көрсеткен.

Екіншіден, қазақтардың көшпенді құқығы, игілікті, амандықты, байлықты әділетті бөлуді, қоғамды ауыр табиғи апаттардан сақтаудың тетіктерін қамтамасыз ететін жұртшылық, ағайыншылық, қонақжайлылық және т.б. сияқты жекелей институттар формасындағы ұжымдық өзара септесуді нормативті тәртіппен бекітіп береді.

Үшіншіден, номадтық құқықтық сананың міндетті атрибуты болып, қауым мүшесі жасаған қылмысқа рулық және ұжымдық жауапкершілік принципінің ұстанылуы саналады. Сондықтан да, индивидтің кез-келген жасаған қылмысы үшін моральдық және материалдық тұрғыда бүтіндей ру жауап береді.

Көшпенділер құқығының негізгі принциптерін талдаудан көргеніміздей, адамгершілік компоненті құқық жүйесіне кірігіп қана қоймай, соның ішінде құқықтың өзінен жоғары тұрады. Бұл көшпенділер құқығының құқықты құралдық сипатқа айналдырған еуропалықтардан басты айырмашылығы. Негізінен еуропалық мемлекет пен құқықта этикалық компонент жоғалып кеткен.

Әрекеттің адамгершілік ережесінің құрылымдық, өзіндік жүйесіне қазақтардың қамқөңілдігі мен жомарттығының сипатына айналған қонақжайлылық этикеті ие болған. Ерте жастан дағдыланған дәстүрлі қонақжайлылық балаларды туыстарды, көршілер мен жақындарды, жалпы таныс және бейтаныс адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу – бұлар гуманизм мен толеранттылықтың көрсеткіші болып табылады.

Осы жерде мүмкін, соғысқа дейінгі, соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдерде Қазақстанға депортацияланған ондаған мың халыққа өздеріне соншалық қиын кезең бола тұрса да, оларды қабылдап, тамақтандырып, қорғай алған қазақ халқының толеранттылығы мен гуманизмі жатса керек. Нақ осы жерде, көптеген полиэтникалық мемлекеттерге үлгі болған «Этнос аралық келісімнің Қазақстандық моделін» жасаудың рухани алғышарттары жатыр.

Қалыбаева А. көзқарасы бойынша, қазақтардың қонақжайлылығы - өте терең көнеден бастауын алып, белгілі бір моральдық-этикалық комплекс ретінде көрініс табады, ал қонақ күту көптеген функцияға ие салт-жора ретінде айшықталады [2].

Қазақтарда қонақжайлылықтың көрініс табуы жоғары деңгейде салт-жораға айналған, бірақ қандай да бір соншалықты қайталанбас құбылыс емес және көптеген параллельдерге ие, жекелей алсақ, Орталық және Орта Азияның түркі-моңғол халықтарын айтуға болады.

Дегенмен, қазақ қонақжайлылығының ерекшелігі мен оның басқа халықтардан айырмашылығы құқықтық негізге ие болуында. Яғни қазақтардағы қонақжайлылық салты заңнамалық тәртіппен қазақтардың салттық құқығы бойынша бекітілген. Бұл құқықтық институттың мәні былайша тұжырымдалады: үй иесі кез-келген жолаушыны олардың саны мен ерушілеріне қарамастан қошеметпен қарсы алып, құрмет көрсетуі және оларды шамасы жеткенше тегін тамақпен және жайлылықпен қамтамасыз етуі керек. Әдетте келушілер «Мен құдайы қонақпын» деп айтса жеткілікті.

Егер де жолаушыны қарсы алудан бас тартқан жағдайда, дәстүрлі құқықтық ереже жауапкерге «ат-тон» деп аталатын айыппұл салығын салуды қарастырады, яғни жауапкер өзі қабылдамаған қонағының астына ат беріп, үстіне шапан жабады. Сонымен қатар, дәстүрді сақтамағаны үшін кінәлі жақ туыстары мен ауылдастары тарапынан қатаң сынға ұшырайды, өйткені бұл дәстүрді сақтау аса маңызды. Өмірдің қатаң жағдайына әрбір көшпенді түсуі мүмкін.

Аталмыш институт өзінің тамырын ғасырлар тереңінен алады. Оның пайда болуы туралы аңыз да бар. Қазақ халқының арғы атасы Алаштың үш баласы болыпты. Өзінің өмірінің соңында ол өзінің дүние-мүлкін үш баласына емес, төртке бөліп, былай деген екен: «Сендерге айтар өсиетім мынандай: бір-бірлеріңе бара қалған жағдайда, бір-бірлеріңнен ақы алмандар..., бір-бірлеріңмен қарым-қатынаста қонақасы қақысын немесе тегін пана мен дәм-тұздарыңды бөлісіндер, - сол үшін менен қалған төртінші еншілеріңді аласыңдар және оны өздеріңнің араларыңдағы ғасырдан ғасырға кететін бөлінбейтін «еншіміз» деп есептендер» [3].

Жоғарыдағылардан көргеніміздей, толеранттылық түркілердің әлемдік өркениет пен мәдениетке қосқан үлесі ретінде ешқандай күмәнсіз, шын мәнінде үлкен. Сондықтан да, толеранттылық феноменін қазақ мәдениетінде едәуір негіздемелі және терең зерттеуге лайықты. Сонымен қатар, бүгінгі таңда әлем дағдарыстан кейінгі жағдайды бастан өткере отырып, өздерінің ары қарайғы дамуы үшін батыстық жолдан айрықша құндылықтар мен мұраттарды басынан қайта қарауға, қайта ойластыруға талпыныс жасауда. Батыстық ойлау ұзақ

уақыт бойына жалғыз нұсқадағы жол саналынып келді. Осындай біржақтылық пен дамудың тежелуі бүгінгі таңда Батыста, Шығыс мәдениеттерінде дамуға ие болған, сананың жаңа өлшемдерін қосу арқылы өздерінің рухани ресурстарының шектеулігін қалай да толтыру үшін комплементарлы бастауларды іздестіру тұрақты жүргізілуде. Бүгінгі таңда, Батыстан да, Шығыстан да кейбір принциптерді өзара алмастыру тенденциялары көрініс табуда, соған сәйкес өзара әсерлесу, синтез үрдістері көрініс беруде. Басқаша айтсақ, бұл күндері, батыстың өркениетті мәдениеті мен көне шығыс мәдениеттерінің арасында көпір салынуда.

Басқа қырынан қарағанда, қазір Батыстық мәдениет, біздің мәдениет туралы, шынайылық пен адам табиғаты туралы түсініктерімізді түбегейлі өзгертетін, Киплингке Шығыс пен Батыс ыңғайында еш қиыспайтындай көрінген Шығыстың көне даналығын және Батыстың мәдениеті мен ғылымын тұтастыратын шексіз өлшемдердегі парадигмалар қозғалысына жақындап келеді.

Аталмыш мақаладағы берілген тезистер туралы тек қана ғылыми қауымның ортасы ғана емес, қалған әлемнің барлығының хабардар болғаны аса маңызды. Біздің көзқарасымыз бойынша, тарихымызға осындай ыңғай, қоғамдық санаға позитивті және жоспарлы әсер етуге, адамзатқа тән отанға деген сүйіспеншілік, отанын мақтан ету, өзінің тарихына, мәдениетіне ұқыпты әрі, байыпты қарау, сонымен қатар елінің болашағына жауапкершілікті сезіну сияқты қарапайым, әрі үлкен құндылықтарға жастарды баулуға мүмкіндік береді. Ал бұл дегеніміз, өз елінің азаматы мен патриоты екенін сөзімен де, ісімен де дәлелдей алатын нағыз жастарды өсіреміз дегенді білдіреді.

Әдебиеттер

1 Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация. – М.: РИПОЛ Классик, 2009. – 576 с.

2 Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Изд. 2-ое. - Алматы: БАУР, 2006.

3 Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его истоки / Древний мир права казахов. - Алматы, 2001.

Bolekbaev S.B.

Origins of Turkic civilization

In this article, the author examines the history of the Turks, Turkic culture and the phenomenon of the Turks. Author of new positions to examine the relation of Turks with China, the Roman Empire, Byzantium, Britain and other countries and civilizations.

УДК 327.33

ИНИЦИАТИВЫ G-ГЛОБАЛ КАК КОНСОЛИДИРУЮЩАЯ ИДЕЯ МНОГОПОЛЯРНОГО МИРА БУДУЩЕГО

**Кадыржанов Р.К., д. филос.н., аймақтану кафедрасының профессоры,
КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан**

Сегодня мы живем в сложном и противоречивом мире. После окончания холодной войны была надежда, что в мире прекратятся кровавые конфликты и столкновения, войны уйдут в прошлое, наступит эра мирного разрешения международных кризисов и противоречий. Американским философом Фрэнсисом Фукуямой была выдвинута теория

«конца истории», в соответствии с которой поражение коммунизма в идеологическом противостоянии с капитализмом в период холодной войны приведет к торжеству либерализма во всем мире и прекращению войн и конфликтов.

Ключевые слова: Советский Союз, G-Global, конфликты международные, многополярный мир

Однако сегодня, спустя двадцать с лишним лет после окончания холодной войны мы видим, что бесконфликтный, ненасильственный мир остается несбыточной мечтой человечества. Идеологическое противостояние и конфликты никуда не ушли, просто на место одних противоборствующих идеологий и конфликтов пришли другие, но народам, вовлеченным в эти противоборства и конфликты, отнюдь не легче. Терроризм, наркотрафик, похищения и торговля людьми, незаконная и неконтролируемая миграция огромных масс людей из развивающихся стран в развитые и другие глобальные проблемы стали бичом двадцать первого века. Ситуация усугубляется экономическим и финансовым кризисом, охватившим ведущие страны и регионы мира.

В этой сложной ситуации мир нуждается в новых и свежих идеях, которые позволили бы народам и странам преодолеть этот затянувшийся и болезненный кризис. Одна из главных надежд здесь сегодня связана с инициативами G-глобал, выдвинутыми в мае этого президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым. Инициативы G-глобал предлагают глобальные идеи радикального переустройства современного мира, который не может найти выхода из тупика противоречий, в котором он оказался в результате своего предыдущего институционального развития.

Начнем с того, что лидером Казахстана предлагается принципиально новая форма, институт обсуждения накопившихся в современном мире политических и экономических проблем. При этом важно отметить то, что G-Global не претендует на то, чтобы заменить, придти на место площадок G-8 и G-20. Новизна инициативы G-Global состоит в том, что как форма обсуждения и выдвижения предложений по решению глобальных проблем современного мира, она включает в себя не только государства (что характерно для G-8 и G-20), но и других субъектов современных международных отношений.

Организация G 8 существует уже около сорока лет, с тех пор как в 1975 году в предместье Парижа Рамбуйе состоялся первый саммит лидеров шести ведущих индустриальных держав Запада и Японии для обсуждения важнейших политических и экономических проблем. С тех пор встречи лидеров «Большой семерки» проводились ежегодно. В 1976 г. в этот клуб ведущих индустриальных держав была принята Канада, а в 1997 г. к нему присоединилась Россия, в результате чего «Группа семи» превратилась в «Группу восьми».

За прошедшие годы этот институт доказал свою полезность в деле обсуждения экономических, политических и иных проблем ведущих индустриальных держав. В первые годы и десятилетия существования «Группы восьми» сложившиеся в то время проблемы успешно решались усилиями ведущих семи капиталистических стран. Это неудивительно, поскольку удельный вес семерки главных стран в общей мировой экономике и их влияние на мировую экономику в то время был гораздо больше и глубже, чем в сегодняшнем мире.

Устойчивость G 8 связана в значительной мере с тем, что этот институт продолжает традицию ведущей роли великих держав в международных отношениях. Это давняя традиция международных отношений, появление которой связано с Вестфальской системой. Более того, традиция ведущей роли великих держав в мировой политике есть главная форма существования Вестфальской системы международных отношений. За почти 400-летнюю историю этой системы ведущая роль великих держав находила свое выражение в концепциях баланса сил, европейского концерта, коллективной безопасности и других. С течением времени менялся состав великих держав, некоторые уходили (или даже сходили с мировой арены и истории), другие вливались в их число. Менялась

конфигурация и соотношение сил среди великих держав, но неизменной оставалась традиция доминирования великих держав в мировой политике.

Сегодня традиция великих держав проявляет себя в существовании и деятельности Совета безопасности ООН (точнее, в институте его постоянных членов), в ведущей роли этих держав в деятельности международных организаций – ВТО, МОТ, ЮНЕСКО, МАГАТЭ и других. Наряду с постоянно действующими организациями новой формой существования традиции великих держав стала «Группа восьми». Этот институт имеет свое место в мировой политике как площадка для обсуждения и решения самых актуальных проблем экономического развития и политики, координация по которым наиболее эффективна в этом формате. Сегодня «восьмерка» может быть ключевым институтом для координации по таким проблемам безопасности, как неспособность разрешить конфликты дипломатическим путем, неурегулированные проблемы уязвимых государств, терроризм, коррупция, обеспечение безопасности жизненно важных систем.

Мировое развитие и глобализация способствовали тому, что в последние десятилетия в мире появились новые центры экономического развития. В первую очередь это Китай, новые индустриальные страны (или «азиатские тигры») и страны Юго-Восточной Азии. Быстрое экономическое развитие в эти годы демонстрировали Россия, Бразилия, Индия, Южная Африка (БРИКС), а также ряд стран из других регионов мира.

Экономическое развитие в указанный период в различных регионах мира привело к тому, что удельный вес и влияние стран ведущей семерки в мировой экономике и политике стал достаточно быстро сокращаться. Практика показывает, что их усилий по преодолению противоречий и проблем мировой экономики и безопасности уже недостаточно. Поэтому настоятельной необходимостью стало включение новых стран в процессы обсуждения и принятия решений по глобальным проблемам. В этом контексте стало возможным появление наряду с G8 новой диалоговой площадки G20. Благодаря этому мир услышал голоса новых стран, новых регионов, их предложения по решению накопившихся проблем финансового, торгового, экономического развития современного мира.

Возникновение G-20 в 2008 г. связано главным образом с мировым финансово-экономическим кризисом, который оказывает свое негативное воздействие как на отдельные страны и регионы, так и на всю глобальную финансовую и экономическую систему по сей день. Сегодня наблюдается углубление негативных процессов в этой системе, поэтому, по мнению многих экономистов и политиков, мир стоит на пороге нового финансово-экономического кризиса, который может затронуть практически все страны и регионы планеты.

Государства, на которые приходится львиная суммарная доля мирового валового продукта и международных финансовых операций, не только имеют право, но морально и практически обязаны принимать все доступные им меры, чтобы мировые экономика и финансы, торговля и иные хозяйственные связи и обмены развивались без резких кризисов и катастрофических потрясений, а проблемы, неизбежные в этих сферах, своевременно и адекватно анализировались и согласованно решались.

К эффективности «двадцатки» изначально предъявлены высокие требования. От нее ждут не «латания прорех», но поиска и приведения в действие путей и средств, которые помогли бы обуздать кризисные процессы и явления, расползающиеся по мировой экономике и финансам. Задача эта политико-экономическая по своей природе. В прошлом капитализм был осмыслен политико-экономически в масштабах национального государства, и в этих же масштабах были предложены методы и инструментарию антикризисного регулирования. В условиях глобального мира надо осмысливать как единое политико-экономическое целое весь этот мир, его связи с государствами как территориально-хозяйственными комплексами и с транснациональными банками и корпорациями, как важнейшими субъектами глобальной экономики.

Однако сложность проблем глобализации такова, что обсуждение этих проблем в рамках G 8 и G 20 сегодня уже недостаточно. Ведь в мировой политике и экономике участвуют не только эти страны. Субъекты процессов в этих сферах самые разнообразные, здесь участвуют не только государственные, но и негосударственные организации и институты, а также отдельные политики, общественные деятели, эксперты и ученые. Необходимо им предоставить голос и площадку для обсуждения мировых проблем. Такой площадкой, как предлагает Нурсултан Назарбаев, должна стать G-глобал. Это более широкая площадка поиска решений текущих проблем мировой финансовой системы и выработки комплексного антикризисного пакта ООН. Как подчеркивает Нурсултан Назарбаев, государствам важно осознать общую ответственность за судьбу своего региона и планеты в целом, другого пути для устойчивого развития на фоне существующего уровня глобализации у человечества просто нет.

Инициативы G – Global, выдвинутые лидером Казахстана следует, на наш взгляд, рассматривать как фундаментальные принципы миропорядка в XXI в. и консолидирующую идею многополярного мира будущего. Следует полностью согласиться с утверждением Н.А. Назарбаева, что многополярный мир XXI в. должен строиться на основе принципов равенства и консенсуса. Действительно, в XXI в. прежнее деление стран на великие и второстепенные, ведущие и ведомые в цивилизационном плане устарело. В двадцать первом веке наблюдается рост влияния незападных регионов и цивилизаций, которые раньше относили к цивилизационно и модернизационно отсталым. К числу новых важных в геополитическом и экономическом плане регионов мира относится Центральная Азия. Этот регион вполне основательно претендует на равное к нему отношение в сообществе наций и регионов. Центральная Азия и Казахстан, как ее лидер, вполне законно требуют справедливых основ глобальной экономики, валютной системы и политики, базирующейся на равенстве государств. При этом очень важно, как подчеркивает Президент Казахстана, чтобы глобальные решения международных ассоциаций, саммитов и других форумов принимались на основе консенсуса. Решения, принятые консенсусом всех членов мирового сообщества, можно считать подлинно демократическими.

Многополярный мир XXI в. должен основываться на принципах доверия и толерантности. Это принципиально новый взгляд на отношения государств, предлагаемый инициативами G-Глобал. Вплоть до сегодняшнего дня мир основывался на подозрительности и недоверии государств друг к другу, на конкуренции экономических и политических субъектов. Поэтому главной заботой государств всегда была и остается их национальная безопасность. Это правильно, но вместе с тем в отношениях государств должны развиваться отношения толерантности и доверия. В этом автор инициатив G-Глобал видит один из главных рычагов вывода мировой экономики из охватившей ее рецессии и слабого экономического роста. Без глобального доверия реальных согласованных антикризисных решений достичь будет невозможно, совершенно справедливо указывает Нурсултан Назарбаев.

Идея равенства наций и государств глобализованного мира пронизывает инициативы G – Global . В этом ключе следует воспринимать принцип глобальной транспарентности. Мир в формате G – Global должен представлять собой транспарентное сообщество наций, заявляет лидер Казахстана. Это означает, что в международных отношениях сегодня должны доминировать отношения открытости и прозрачности. Не должно быть каких-то тайн, секретов великих держав и принятия односторонних решений, от которых выигрывают сильные и проигрывают слабые. К сожалению, вся предшествующая дипломатия характеризовалась именно отсутствием открытости и прозрачности в межгосударственных отношениях, в результате чего страдали экономически слабые страны. Вот почему предложение о создании транспарентного сообщества наций можно рассматривать как новую страницу в истории мировой дипломатии, новый шаг на пути к многополярному миру будущего.

В последние годы архитектура мирового порядка претерпела значительную эволюцию. В годы холодной войны мир жил в условиях двух полюсов мировой политики, которые смотрели друг на друга через частокол ракет и атомного оружия. Два полюса, два гегемона разделили мир на две части, между которыми был установлен железный занавес. На смену двухполюсному миру эпохи холодной войны пришел однополярный мир 1990 гг. в с одним гегемоном в лице США. Однако «новый мировой порядок» во главе с США не освободил мир от конфликтов и войн. В XXI веке в мире стала складываться новая система международных отношений, которая характеризуется наличием не одного, а многих полюсов. Нам представляется, что такая архитектура адекватно соответствует реалиям глобализирующегося мира. В XXI в. мир должен быть многополярным, в нем не должно быть гегемонов, как это было прежде.

В заключение хочется сказать, что инициативы G-Глобал представляют собой программу программы глобального развития на ближайшую и более отдаленную перспективу.

Список литературы

- 1 Нугербеков С. Многомерный мир G-Global // Казахстанская правда. - 2013. - 12 марта. – С.1.
- 2 Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек / Пер. с англ. М.Б. Левина. – М.: «Издательство АСТ», 2004.

Kadyrzhanov R.K.

G-global initiatives as consolidating idea of a multipolar world future

The article analyzes the process of globalization, the cultural interaction of states. The author also analyzed in terms of how different researchers, and the position of N.A. Nazarbayev at the G-Global

Қадыржанов Р.Қ.

G-global бастамалары сияқты келешектің Многополярного әлемінің консолидирующая идеясы

Автор өз мақаласында өркениеттер қалыптасуы, мәдени байланыс, жаһандану кезеңіндегі мемлекеттердің ролін сараптайды. Мақалада Фрэнсис Фукуяма сияқты авторлардың пікірлеріне сараптама жасаған. Сонымен бірге ҚР Президенті Н. А. Назарбаевтың G-Global идеясының маңыздылығын, оның халықтарды біріктіруші идея екендігін дәлелдейді.

УДК 930.8

ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚТЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

**Зардыхан Қинаятұлы, т.ғ.д., профессор, Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнография институты, Алматы, Қазақстан**

В данной статье автор рассматривает идею евразийства и ее перспективу. Автор с исторической точки зрения показывает эволюцию взаимоотношений государств евразийского пространства. «Евразийство» как идея утопична или оно реальное политическая доктрина? По мнению автора, изначально идея евразийства была направлена на формирование «суперэтноса». Показана геополитическая борьба за гегемонизм на евразийском пространстве.

Ключевые слова: Евразийство, гегемония, империя, культурная цивилизация, историческое сознание, толерантность, кочевая цивилизация

Мен бізде көп айтылып жүрген еуразияшылдық мәселесіне тоқталмақпын. Менімше еуразияшылдық ұлыс елдерді аймақтық деңгейде жаһандануға апаратын, кіші-гірім ұлттардың келешегі үшін қауіпті жол деп есептеймін. Еуразияшылдықтың бастауында 1920-30 жылдары шет елдерге шығып кеткен орыс ойшылдары тұр. Бұл мәселенің теориялық негізін қалаған да солар. Эмигрант ғалымдар Қара теңізден Сары теңіз аралығындағы «Дала жүйесін» ерекше құрлық, Еуропа мен Азиядан өзгеше әлемнің төтенше бөлігі ретінде «Еуразия» деп атады. Тарихта аталған өлкені мекендеген халықтың басы күшпен болса да үш рет қосылды. VII-VIII ғғ. бұл далаға әуелі Түркілер иелік етті. XIII-XV ғғ. түркілердің орынына Шыңғыс хан, оның ұрпақтары бастаған моңғолдар келді. XV ғасырда (орыстар Алтын Орда атандырған) Жошы державасы құлағасын Еуразия төріне орыстар шығып, шығыс жұртын қол астына біріктіріп, Тынық мұхитқа дейін жетті. «Еуразия» авторлары Ресей державасын Түрік қағанаты, Моңғол империясының мұрагері санайтыны да сондықтан.

Иә, сауысқандай бытырап жүргеннен гөрі халықтардың күш біріктіруі әлдеқайда тиімді екені белгілі. Бірақ Еуразия жұрты Ресейдің қол астына қалай бірікті, бірігу арқылы неден ұтты, неден ұтылды оны да естен шығармаған абзал.

Еуразия даласы Ежелгі дәуірден бері халықтардың шығыстан-батысқа, батыстан-шығысқа жылжыған ұлы көшінің трансэтностық аумағы болып келді. Орыстар еуразияны күшпен біріктіргесін бұл факторды батысында католиктік Еуропа, қиыр шығысында – Қытай, оңтүстігінде Мұсылман әлеміне қарсы қойды да, бұрынғы Ұлы Жібек жолы арқылы батыс пен шығысты жалғап жатқан күретамыр бірер ғасырға үзіліп қалды да, өлке ғасырлар бойы түрлі империялардың ара қақтығыс ошағына айналды. Қақтығыстар әлі де жалғасуда. Салдарынан әр кездерде дала жүйесінде салтанат құрған жиырмадан аса мемлекет, олардың мәдениеті, 200-ден аса қала-қоныстар жойылды. Қалалардың көпшілігі моңғол үстемдігі тұсында жойылса, Кеңестер билігі кезінде түркі, тунгус тілді көптеген халықтар ана тілінен айрылды. Кирилица алфавитін жаппай енгізу арқылы түркі халықтарын бір-бірінен рухани ажыратып тастады. Еуразиялық мәдениет туралы сөз еткенде үш фактор: Түркі-тұран факторы, Орыс-славян факторы, Моңғол-тунгус факторы тең ескерілуі керек еді. Бірақ соңғы 200 жылда Түркі-тұран, Моңғол-тунгус факторы көлеңкеде қалып, Орыс-славян факторы алға шықты.

Еуразияшылдардың әуел бастан алға қойған бір мақсаты «Еуразия құрлығын қамтыған суперэтнос қалыптастыру» болып келді. Жаңа суперэтностың ұйытқысы болуға ұмтылып жүрген ойыншы әзірге біреу ғана. Ол орыстар. Біздің арамызда да бұл рөлден кетары емес адамдар бар. Бірақ сан жағынан да, тәжірибе жағынан да орыс ұлтының алдында біз қауқарсызбыз. Кеңес Одағы кезінде Еуразия кеңістігінде орыс тіл, мәдениетіне негізделген суперэтнос қалыптасуға әзер ғана қалған тарих кеше ғана. Мәселе әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Қазірдің өзінде түрлі одақтар, ұлттың төбесінен қарайтын ұйымдар құру арқылы бұл мәселені жеделдетуге бағытталған жіті шаралар жүріліп жатыр. Тарихта ірі және кіші-гірім ұлттардың ара қатынасында экономика, саясат, мәдениет қай салада болмасын ешқашан тепе-теңдік болып көрген емес. Болмайды да. Халық өткеннің ащы сабағынан, қазіргі ірі ұлттардың қабағынан қауіптенеді. Сондықтан халық арасында Еуразия сияқты одақтарға бірігуге ұмтылудан гөрі, сақтық иммунитеті басым.

Еуразия кеңістігіндегі аймақтық гегемонизм үшін күресте Шыңғыс ханның есімі, абыройы саяси құралға айналды. Орыстар мұрагерлік үшін күресті ерте, әрі ұтымды бастады. Орыс эмигранттарының 1920-30 жылдары жазған аса бай еңбектерінің ішінен 1925 жылы Берлинде басылған авторы белгісіз «Шыңғыс хан мұралары» («Наследие Чингис-хана») еңбегін ерекше атап өту керек. Автор аталмыш еңбегінде «Русь взяли на себя исторически необходимую задачу объединения Евразии, переняв ее у монголов, в результате чего произошла «Замена ордынского хана московским царем с перенесением ханской ставки в Москву» десе, 1926 жылы шыққан «Евразийство» атты жинақта:

«Термином «Евразия» мы означаем особый материк как место развития специфической культуры, евразийской и русской...» дейді. Әрі қарай «Этот Московской улус органически выросшее Северо-Восточной Руси ..., заступило место монголов и приняло на себя их культурно-политическое наследие», деп жазды. Мұндай сөзді Ресей саясаткерлерінің аузынан бүгін де естіп жүрміз.

Ал Қазақстан Жошы ұлысының қара шаңырағы бола тұра соңғы жылдары мемлекеттіліктің өткендегі тарихын ысырып қойып, Шыңғыс ханнан «Ұлы бейбітшілік сақтаушы» (миротворец), әрі «қазақ» жасаймыз деп ұсақ түйекпен айналысып жүріп методологиялық үлкен қателік жіберіп алдық. Әсілі біз Шыңғыс ханнан қазақ жасау емес (ол жасалмайды да), Шыңғыс хан Орталық Азияны жаулап алып Моңғол ұлыстарын құру арқылы мұнда мемлекеттіліктің іргесін қалаған тарихты алға шығару керек еді. Амал жоқ, кезінде айтқан сөзді тыңдайтын жан болмады. Қазір Қазақстанда Шыңғыс ханды тіптен өз моңғолына қарсы қойып, моңғолдың мемлекеттілігін жоққа шығармаққа әрекеттенген ғылымға қарсы, ұлттың ар-намысына тиетін, тартымды дәлел, дәйексіз шығармасымақтар тым көбейіп кетті. Жуықта ғана А.Г.Оловинцов дегеннің «Тюрки или монголы? Эпоха Чингисхана» деп аталатын кітабы жарық көрді. Онда бұйдейді: «Никаких монголоязычных племен в современном понимании во времена Чингисхана в Монголии не было. Выполняя волю своего предка Кабул-хана, который еще в 1130 году создал первое объединение Хамаг монгол («Все монголы») Чингис хан на всенародном курултае в 1206 году предложил объединенным им тюркским племенам называться именами «монгол». Ол тіпті онымен де қоймай XVII ғасырға дейін моңғол тілі деген тіл болмаған дейді. Автор түркі, қазақ, моңғол тілі, жазуының бірін де білмей тұрып тұра осылай дейді. Ал енді осындай өтірікке сеніп, Шыңғыс хан мәселесін көпіртіп жүрген қазақтар да аз емес. Мұндай осал дәйектермен біз қазақтың көсегесін көгертпейтініміз, былай тұрсын басқаға күлкі болуымыз мүмкін.

Және бір мәселе бар. Жаңа Еуразияда көшпенділердің ғасырлар бойы жасаған ұлы мәдениеті сақтала ма? Өткеннің сабағы ащы болғандықтан, мен бұл сауалды қойып отырмын.

Біздің ата-бабаларымыздың тасқа жазып қалдырған ескерткіш мүсіндері, мыңдаған қорымдары адамзат мәдениетінің бір үлгісі ретінде танылып отыр. Біз алтын адамды, ертұрманы, жүгенімен аттарды осы қорымдардан алдық. Қазақтың ауыз әдебиетінің асыл мұралары қазір 100 томдыққа симай жатыр. Тек 2004-2009 жылдары орындалған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ұмыт болған көптеген дүниелер қайта келді. Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі, 1000 әні дыбысталды. Мұның бәрі қазақтың далалық өмірінің туындылары.

Жылқыны алғаш қолға үйреткен қоныс бізде тұр. Тарихшы Ахмет Токтабайдың есебі бойынша қазақта жылқы туралы 36 ән, 89 күй, 4 би бар екен. Моңғолдарда сәйгүлік туралы 120-дан астам, қырғыздарда 40-тан аса ән, жыр бар. Көшпенділер үшін сәйгүлік баптау нағыз өнер саналады. Тек ертұрманның 60-тан аса түрі бар.

Мысалы біз орыстың тіл, мәдениетін білеміз, олар біздікін біле ме? Әрине жоқ! Еуразиялық әріптестеріміз сол құндылықтарды білмесе өзіміздей қастерлей ала ма, жоқ әлде бұрынғыдай өркениет қайшылығына ұшыраймыз ба?

Жаңа заман өркениеті салдарынан дала мәдениетінің өң-бояуы бұзылып, қалалық мәдениет басымдық алып барады. Ал қалалықтар үшін дала деген тіршіліксіз күңіренген кеңістік қана. Қазақтың антропологиялық, этнографиялық келбетін қалыптастырған қазақтың даласы еді.

Бірақ одақтың күшімен адамзаттың қолымен жасалған қияметтердің салдарынан даланың келбеті өзгеріп барады. Атом сынайтын полигондар осында құрылды. Биологиялық, бактериологиялық саймандар осында сынақтан өтті. Бірнеше ғасырлар бұрын қазақ даласында құлан жыртылып-айрылатын. Арқаның құланы ауып кетпес үшін Жошы хан қаздырған ордың орыны Алтынемел бойында әлі жатыр. Қазір Қазақстанда қорықтарда өсірілетін 800-ден аса құлан қалған. Полигонның салдарынан өсімдіктердің

талай түрі жойылып кетті. Қазақ даласынан бастау алатын ірі өзен-сулар жоқ. Үлкен өзен-сулар басқа мемлекеттердің жерінен бастау алады. Мысалы Еділ (Волга) мен Жайық (Орал) Ресейден, Ертіс пен Іле Қытайдан, Сырдария Памирден басталып Өзбекстан жерін басып ағады. Талас сияқты тау өзендері Қырғызстаннан басталады. Соңғы жылдары Еділдің қайнары ластанғандықтан, суы азайды. Қытай Ертіс пен Іленің басын, Өзбекстан Сырдарияны, Қырғызстан Талас және басқадай бірнеше өзеннің басын қажетті кезінде буып тастайды. Арал, Семейдің қасіреті тағы бар.

Кеңестер Одағы кезінде жеті өзеннің суын Қапшағайда буып тастауы салдарынан Қапшағай – Балқаш аралығындағы қазақтың сайын даласы шөлге айналып барады.

Бізде осыларды ойлап дабыл қағып жатқан кім бар? Ал Өзбекстан президенті И.Каримов биылғы жылы тамыз айында Қазақстанға жасаған ресми сапары кезінде су мәселесіне үлкен мән беріп, «Орталық Азиядағы су қоры мәселесі төңірегінде қордаланған проблемалардың жинақталғаны соншалық, бұл түптің-түбінде тараптардың бір-біріне қарсы тұруы ғана емес, соғысқа әкеліп соқтыруы мүмкін» деген еді. Бұл ойланбай айтылған сөз емес, кімді болмасын ойға қалдыратын жаһандық маңызға ие мәселе.

Қазақстанның өзіндік «Қызыл кітабы» бар ма, жоқ па оны мен білмейді екенмін. Ал әлемдік қызыл кітабында жазылуы бойынша жойылып бара жатқан 700-ге жуық жан-жануар, көптеген өсімдіктер тіркеліпті. 28000 түрлі өсімдік жойылып кету қаупінің алдында тұр. Келешек одақ осыған қамқор бола ма? жоқ әлде Кеңес Одағы кезіндегі сияқты қазақ жерінің ойран-топырын шығара ма? Олай болмайды деуге кепілдік жоқ.

Міне жиырма бірінші ғасыр басталды. Бұл қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев айтқандайын «қысық көзді күншығыс» немесе Азия ғасыры болғалы тұр. Қазақ бұл ғасырда енді кімдерге арқа сүйеп, кімдермен бірлесіп алға басу керек деген үлкен сауал тұр. Кез келген екі қазақтың бірі бұл сауалға сөз жоқ «артымызда орыс тұр» деп жауап берері анық. Әрине қазақтың келешегі үшін орысты есептен алып тастамаған дұрыс-ақ. Бірақ есептен шеткері қалдырмауға тиісті енді бір фактор - ол түркі дүниесінің біртұтастығы. Қазақстан еуразияшылдыққа бет бұрғаннан бері түркі халықтарының саяси, рухани өмірі алшақтап барады. Мысалы Түрік Республикасы, Әзірбайжан, Өзбекстан әлдеқашан латин алфавитіне көшті. Ал біздің кіндігіміз әлі де кириллицамен жалғаулы. Экономикамыз Кеден одағымен байлаулы. Осылайша 10 млн. қазақ 140 млн. түркілерден бөлініп 160 млн. славяндардың қолтығына кіріп не марқадам табамыз, ұлттың келешек тағдыры не болмақ?

Мен ұлт пен ұлттың, халық пен халықтың мәдениет алмасуына қарсы емеспін, бірақ біз әуелі өткеннен қалған жарамызды жазып, ұлт ретінде өзімізге өзіміз келгенше, еуразияшылдыққа асықпағанымыз жөн деген ойдамын.

Список литературы

- 1 Идеи и реальность евразийства: Материалы Валихановских чтений. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 174 б.
- 2 Мансұров Т. Еуразияшылдық – Н. Назарбаевтың іске асқан жобасы. – Мәскеу: Реал-пресс, 2011. – 388 б.
- 3 Назарбаев Н. Ә. Еуразиялық одақ: идеясы, практикасы, болашағы. 1994-1997. М.: Фон, содействия развитию социальных наук, 1997. – 95 б.
- 4 Размышления о Лидере. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 469-474 б.

Kinayatuly Z.

Past and Future of Central Asia

In this article the author examines the idea of the Eurasianism and its future. The author from a historical point of view shows the evolution of the relations between states of Eurasia. "Eurasianism" as a utopian idea or is it a real political doctrine? In the author's original idea of Eurasianism is aimed at forming "superethnie". It shows the geopolitical struggle for the hegemony in Eurasia.

G – GLOBAL – МЕМЛЕКЕТТЕР МҮДДЕСІ ӘДІЛДІГІНІҢ ТЕМІР ҚАЗЫҒЫ

**Нүрпеисова Б.Е., т.ғ.к., халықаралық қатыныстар
кафедрасының доценті,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан**

В данной статье автор рассматривает идею создания нового мирового политического порядка и инициативу казахстанского лидера Н.А. Назарбаева G – GLOBAL. Также автор показывает роль международных организации в этом процессе.

Ключевые слова: *G – GLOBAL, биполярная система, мировой порядок, гегемония, империя, культурная цивилизация, историческое сознание, толерантность, кочевая цивилизация.*

**«Біздің мойнымызда елдің тағдыры мен
халықтың әл-ауқаты үшін зор тарихи
жауапкершілік бар».
Н.Ә. Назарбаев**

Rock and Bonnett, after conducting a number of cross-country regressions, conclude that corruption can hurt the development processes in small, developing countries. This would, on the surface, suggest that any country aiming to accelerate its industrial development, would be well advised to focus on sequencing such that anti-corruption efforts were placed chronologically before standard industrializing strategies (import substitution industrialization, cluster building, etc.). However, after conducting four series of cross-country regression analyses, Rock and Bonnett have a relatively surprising conclusion as regards larger developing countries, particularly in Asia: "...corruption tends to slow growth and/or investment in most developing countries but increase growth in the large East Asian newly industrialized economies". Our own comparison of human development indicators, the Corruption Perceptions Index, and the UN Industrial Development rankings yields consistent, if not entirely comparable, conclusions. While programmed limitation and elimination of corruption is arguably vital to the health of a mature industrial society, the idea that such policies must predate significant industrial development in countries with rapid industrial development processes appears to be wrong, at least in the case of Asia.

References

- 1 Baran, Paul. The Political Economy of Growth. - New York: Monthly Review Press, 1957.
- 2 Batory, Agnes. Political Cycles and Organizational Life Cycles: Delegation to Anticorruption Agencies in Central Europe // Governance. – 2012. - Vol. 25, No. 4 (October). – P. 639-660.
- 3 Girling J. Corruption, Capitalism and Democracy. - London: Routledge, 1997.
- 4 Noonan J.T. Bribes. - New York: Macmillan, 1984.
- 5 Nye, Joseph S., Jr. Corruption and Political Development: A Cost-Benefit Analysis // American Political Science Review. – 1967. - Vol. 61, No. 2 (June). – P. 417-427.
- 6 Quah, Jon S. T. Curbing Asian Corruption: An Impossible Dream? // Current History. - 2006. – April. – P. 176-179.
- 7 Combating Corruption in Singapore: What Can Be Learned? // Journal of Contingencies and Crisis Management. – 2001. - Volume 9, Number 1 (March).- P. 29-35.
- 8 Rock, Michael T., Bonnett, Heidi. The Comparative Politics of Corruption: Accounting for the East Asian Paradox in Empirical Studies of Corruption, Growth and Investment // World Development. – 2004. - Vol. 32, No. 6. - P. 999–1017.

Даниэль Зиркер, Агина Тойганбаева
Антикоррупциялық шаралар және деңгейлер арасындағы күрделі
қатынастарда Сингапур, Гонконг, Малайзия және Тайланд

Автордың негізгі мақсаты Гонконг, Тайланд, Сингапур, Малайзия елдерінің антикоррупциялық және индустриялы даму деңгейіне анализ жасау. Сонымен қатар автор соңғы 10 жылда Сингапур мен Гонконг елдеріндегі әлуметтік экономикалық дамудың төмен деңгейінен, жоғары деңгейге жетуін сараптайды. Малайзия мен Тайланд бір деңгейде дамуда деп айтуға болмайды. Бірақ та соған қарамастан екі ел де үлкен жетістікке қол жеткізді. Ал сол кезде Сингапур мен Гонконг коррупцияға қарсы политика құрған еді. Осы мақала елдердің арасында қандай қарым қатынас бар екендігіне көз жеткізу қажетіне арналған.

Даниэль Зиркер, Агина Тойганбаева
Отношения между антикоррупционной меры и уровни развития
промышленности в Сингапуре, Гонконге, Малайзии и Тайланде

Сингапур и Гонконг прогрессировали от среднего уровня до наивысшего в промышленном и социально-экономическом развитии в последние два десятилетия. Малайзия и Тайланд, несмотря на разные политические системы, имеют, тем не менее, поразительный прогресс. В то время как Сингапур и Гонконг реализовали впечатляющие программы по борьбе с коррупцией, у них заметно вырос индекс восприятия коррупции в конеткте Transparency International. С другой стороны, Малайзия и Таиланд упали в рейтинге ИПЦ. Тем не менее, их оценки в рейтингах по промышленному развитию ООН высоки. Какова же взаимосвязь между промышленным развитием и борьбой с коррупцией? Может ли снижение коррупции способствовать продвижению экономического развития, или наблюдается обратное? Эта статья исследует эти два противоположных возможности.

УДК 327.1.3

Жабина Ж.Р., с.ғ.д., профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан,
Стамбулов С.Б., докторант, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті, Қарағанды, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ҰЙЫМЫНА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІ – ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ
КЕШЕНДІ ҰСТАНЫМЫ

Мақалада авторлар ШЫҰ шеңберінде ҚР рөлін қарастырған. Қазақстанның бұл құрметті лауазымда төрағалық етуі Президент Н.Ә. Назарбаевтың белгілеген «Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жолындағы 10 жыл» атты ұранына сәйкес өтті. Осының нәтижесінде осы жылы Астана қаласында өткен саммит ШЫҰ-ның 10 жылдық дамуының нәтижелерін шығарып, ұйымның жаңа мақсаттары мен бағыттарын белгілеп берді. Өзінің он жылдық мерей тойына ШЫҰ тұрақтылық, қауіпсіздік пен даму мәселелерін шешуге қаблетті, табысты қалыптасқан және жетілдірілген құрылым ретінде жетті.

Тірек сөздер: ШЫҰ, империя, мәдени өркениет, тарихи сана, көшпелі өркениет, терроризм, экстремизм

2011 ж. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылуына он жыл толды және бұл кезең Қазақстан Республикасының осы ұйымға төрағалық етуімен және мемлекеттік тәуелсіздігіміздің жиырма жылдық мерей тойымен сәйкес келді. Сондықтан, ШЫҰ-на оның он жылдық мерей тойы қарсаңында төрағалық етуі Қазақстан Республикасына үлкен жауапкершілікті артты. Ал, ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің тарабынан Қазақстанға деген

сенімнің өзі халықаралық аренадағы мемлекетіміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын мойындағандығының тағы бір куәсі бола алады.

Алдыңғы, Ташкент қаласында өткен саммите Президент Н.Ә.Назарбаев «ШЫҰ-ның үйлестік механизмін нығайту, барлық бағыттар бойынша ынтымақтастықты тереңдету және біздің ұйымымыздың халықаралық аренадағы беделін ұлғайту үшін қолымнан келетіннің бәрін істеймін» деген болатын [1]. Осы тұрғыдан алғанда, тек қана халықаралық саясаттың маңызды факторларының бірі ретінде ШЫҰ-ның қалыптасуы мен дамуындағы емес, сонымен қатар ұйымға төрағалық ету кезеңіндегі мемлекетіміздің артықшылықтарын іске асыруды тиімді және нақты жұмыспен қамтамасыз ету барысындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың үлкен рөлін атап өту керек.

Қазақстанның бұл құрметті лауазымда төрағалық етуі Президент Н.Ә. Назарбаевтың белгілеген «Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жолындағы 10 жыл» атты ұранына сәйкес өтті. Осының нәтижесінде осы жылы Астана қаласында өткен саммит ШЫҰ-ның 10 жылдық дамуының нәтижелерін шығарып, ұйымның жаңа мақсаттары мен бағыттарын белгілеп берді. Өзінің он жылдық мерей тойына ШЫҰ тұрақтылық, қауіпсіздік пен даму мәселелерін шешуге қаблетті, табысты қалыптасқан және жетілдірілген құрылым ретінде жетті.

Қазақстан 2010 жылы 10-11 июнде Ташкент қаласында өткен ШЫҰ-ның саммитінде Президент Н.Ә.Назарбаевтың инициативасы мен ұсынысының негізінде өңделген 2010-2011 жылдарға арналған іс-әрекеттер Жоспарын іске асыруды аяқтады. Бұл құжаттың бірегейлігі қауіпсіздік мәселесіне кешенді ұстаныммен қарау, яғни ШЫҰ-ның қызметін қауіпсіздіктен бастап экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа дейін, сонымен бірге халықаралық байланыстарды нығайтумен қамту болып саналады.

Терроризм және экстремизммен күресудегі ШЫҰ-ның қуатын арттыру басым бағыттардың бірі болып саналады. Бұл мәселе бойынша ШЫҰ-ның аймақтық антитеррористік құрылымы белсенді жұмыс жасап жатыр. Аймақтық антитеррористік құрылым ШЫҰ-ның тұрақты органы болып саналады, терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу барысында ұйымға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарын өзара байланыстыру, үйлестіру үшін бағытталған. Аталған бағыт бойынша ұйымға мүше мемлекеттердің бірлескен мүмкіндіктерін жетілдіруге, әскери оқулар мен әскери бөлімшелердің өзара байланыс деңгейін жоғарлатуға күнделікті әскери оқу-жаттығу іс-шаралары ықпал етеді. Мысалы, Өзбекстандағы «Шығыс-Антитеррор», Қазақстанда «Тянь-шань №1-2006», Қырғызстанда «Ыстық көл-Антитеррор-2007», Ресейде «Бейбітшілік миссиясы 2007», 2009 ж. Тәжікстанда, 2010 ж. қыркүйекте Қазақстандағы «Бейбітшілік миссиясы - 2010» антитеррористік оқу-жаттығуларын атап көрсетуге болады. Демек, 2005 ж.бастап Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының кеңістігінде қарым-қатынас деңгейін көтеру мақсатында антитеррористік оқу-жаттығу істері жүргізіліп келеді. Оқу-жаттығу шараларының шеңберінде террористік қауіп-қатерлерді жою, мемлекеттік шекараны қорғауды ұйымдастыру, өзара ақпарат алмасу жүйесін жетілдіру шаралары өңделді.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының шеңберіндегі қауіпсіздік пен қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты нығайтудың қажеттілігін ұйымға мүше мемлекеттердің барлығы мойындайды, мұнын дәлелі ретінде 2009 ж. сәуірде Мәскеуде болған мүше мемлекеттердің қорғаныс министрлерінің отырысының қорытындысы бола алады. Бұл отырыстың қатысушылары 2010-2011 жылдарға арналаған қорғаныс ведомстваларының ынтымақтастық Жоспарын бекітті. Бұл Жоспарда антитеррористік оқу-жаттығуларға дайындық, өзара кеңес жүргізу, тәжірибе алмасу, бейбітшілік операцияларын жүргізу сияқты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары анықталды.

2011 ж. 17 наурызда Астана қаласында өткен қорғаныс министрлерінің отырысында бекітілген 2012-2013 жылдарға арналған ШЫҰ-ның қорғаныс ведомстваларының іс-

шаралар Жоспарының маңызы зор. Бұл Жоспр Тәжікстандағы кезекті «2012- Бейбітшілік миссиясын» өткізуді қарастырған болатын.

Қазақстан Республикасының төрағалық еткен кезеңіндегі құқықтық-базаның дамуында 2010 ж. ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің үкімет басшыларының тарабынан қол қойылған қылмыспен күресу жөніндегі Келісімнің маңыз зор болды. Бұл келісім мүше мемлекеттердің контртеррористік өзара ықпалдастығын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Ұйымға төрағалық ету кезеңінде Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға ерекше мән берілді. ШЫҰ-на мүше мемлекеттер Қырғызстанға гуманитарлық және қаржылай көмек көрсетті. Мысалы, ШЫҰ-на мүше мемлекеттер тарабынан Қырғызстанға көлемі жалпы 50 млн.долл.кұрайтын гуманитарлық және қаржылай көмек берілді, оның 13 млн. Қазақстанның үлесіне тиісті [2]. Сонымен бірге, ШЫҰ бақылаушылар миссиясы Қырғызстандағы парламент сайлауы барысында мониторингті іске асырды.

Осымен қатар, ұйымға мүше мемлекеттердің халықаралық деңгейдегі іс-шараларды бірлесіп жүргізу бағытын атауға болады. ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррористік құрылымы Қысқы Азия ойындарының, Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауының және ШЫҰ-ның Астана қаласында өткен саммитінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Террористік белсенділіктің негізгі қайнар көзіне айналған есірткі заттарды сатумен күресуге ерекше мән берілді. Осының нәтижесінде, Астанада өткен саммитте қабылданған 2011-2016 жылдарға арналған ШЫҰ-ның Антитеррористік стратегиясы және оны іске асырудың Жоспары қабылдады, мұның өзі заңсыз есірткі айналымымен күресуге бағытталған іс-шаралардың күшеюіне әсер етті.

Ауғаныстан мәселесі тұрғысынан алғанда наркотрафикпен күресу саласындағы ынтымақтастық ерекше өзекті болып отыр. Мысалы, 2010 ж. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының тарабынан 28,5 т. есірткі заттар және 6329 есірткі заттарды сақтаған, тасмалдаған азаматтар ұсталды [3]. Яғни, норкомания мәселесі үлкен қауіп төндіріп отыр. Осы тұрғыдан алғанда мұнда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді ұстанымы маңызды. Бейбіт және өркендеген мемлекет құру жолындағы Ауғаныстанның халқына одан әрі көмек көрсетуге күш жұмылдыру қажет. Бұл мәселе бойынша Қазақстан өзінің тарабынан Ауғаныстанға көмек көрсетудің әртүрлі бағдарламаларын (білім саласы бойынша) іске асырып жатыр [4; 90].

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы үшін кедейлікті, жұмыссыздықты жою, білім мен мәдени құндылықтарға қол жетімділікті кеңейтуге ықпал ету өзекті болып саналады. Бұл бағытта мемлекет азаматтарының әл-ауқатын жоғарлатуға негізгі назар аударылып отыр. ШЫҰ экономикалық жобаларды жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық инфрақұрылымына ие. Бұл контексте көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық Бағдарламасының іс-шаралар Жоспарын іске асыруды күшейту қажет. Мұның тиімді жолы мемлекеттік және жеке меншік секторларының арасында серіктестікті орнатып, Іскерлік кеңес пен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Банкаралық бірлестігі арқылы кәсіпкерлік және қаржы топтарды тарту бола алады.

Сондықтан да, бастапқы кезеңде ШЫҰ қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа бағытталғанымен, қазіргі кезде оның экономикалық құрамдас бөлігі күш алып, экономикалық және энегретикалық ынтымақтастыққа өту байқалады. ШЫҰ-ның шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың міндеттері көппрофильді сипатқа ие және ұйымның мүшелері мен бақылаушыларының арасындағы сауда, инвестиция, энергетика, транспорт, ғылыми-техникалық салалардан тұрады. Яғни, ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық көп жақты қарым-қатынастың дамуының ірге тасы болып табылады. Оның негізгі мақсаты – ұйымға мүше мемлекеттердің арасында сауда-экономикалық серіктестікті нығайтып, барлық мүше мемлекеттердің экономикалық дамуына ықпал ету, жалпы нарықтың бәсекеге қаблеттілігін арттыру, сыртқы экономикалық қатермен күресу болып саналады. Сонымен қатар ұйымға мүше

мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастықты дамытудың жағдайы қалыптасқан: олар географиялық жақын орналасуы, көптеген салалар бойынша өзара келісімдер, саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнатылған. Осыны ескере отырып, ШЫҰ-ның мүше мемлекеттері ұйымның шеңберінде экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, сауда мен инвестиция салаларында бірігіп қызмет етуге негіз бар екенін атап өтуге болады. Яғни, экономикалық ынтымақтастық - ШЫҰ мемлекеттерінің көпжақты қарым-қатынасының маңызды ірге тасы болып саналады. Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық ету барысында өзін айтарлықтай белсенділік жағынан танытты. Мұның дәлелі ретінде Орталық Азия аймағының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан тарабынан ұсынылған Азиялық энергетикалық стратегия бола алады. Осыған орай, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «энергия тасмалдау тұрақтылығы» жөніндегі Еуразиялық пактіге қол қоюды ұсынған болатын.

Қазақстанның ұйымға төрағалық етуі кезеңінің келесі бір маңыздылығы – ынтымақтастықтың жаңа формасы – ШЫҰ днесаулық сақтау министрлерінің Кеңесі құрылды. Сонымен бірге мәдениет пен білім саласы бойынша өзара қарым-қатынас орнату ұсынысы жасалып, «ШЫҰ Университетінің» жобасы іске қосылып, ұйымға мүше мемлекеттердің жоғары оқу орындары ректорларының форумы өтті. ШЫҰ-ның шеңберіндегі білім беру саласы бойынша ынтымақтастықтың келесі бағыттарын атап көрсетуге болады:

- академиялық айырбас жасау (студенттер, оқытушылар);

- ақпараттық айырбас;

- желілік ШЫҰ Университеті. Сонымен бірге, білім министрлерінің, сараптамашы топтарының Кеңестері сияқты механизмдердің құқықтық базасы қалыптасып, 2008-2009 жж. іске қосылды.

Сонымен қатар, Қазақстанның ұсынысы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша ынтымақтастықты дамытудың алғашқы қадамы жасалды. Төтенше жағдайлардың алдын алу ісі бойынша өзара бірлесіп жұмыс жасауды дамыту жөнінде шаралар атқарылды. Жапонияда орын алған оқиға тұрғыснан төтенше жағдайлардың салдарын жою мен алдын алу мәселесі бойынша ШЫҰ-ның Орталығын құру ерекше мәнге ие болды.

Шанхай Ынтымақтасық Ұйымының ықпалды халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесін нығайтудың бір жолы – ұйымның басқа халықаралық және аймақтық бірлестіктермен байланыстарын кеңейту болып саналады. ШЫҰ-ның беделі мен ықпалының өсуінің бірден бір куәсі бірқатар мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың тарабынан қызығушылықтың артуы бола алады. Мысалы, қазіргі уақытта ШЫҰ-на бақылаушы мемлекеттердің саны төртеу – Моңғолия, Пәкістан, Иран және Үндістан, ал диалог бойынша серіктес мемлекеттер – Беларусь және Шри-Ланка болды. Ұйымға жаңа мүшелердің қабылдаудың құқықтық базасын құру шеңберінде 2010 ж. ұйымға мүше болудың тәртібі жөніндегі Ереже қабылданды. ШЫҰ әртүрлі халықаралық бірлестіктермен де өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға ашық. Соңғы жылдардағы ШЫҰ-ның сыртқы байланыстар жүйесінің іске қосылуы мұның куәсі бола алады.

2010 ж. ШЫҰ мен БҰҰ-ның хатшылықтарының арасындағы қол қойылған ынтымақтастық жөніндегі бірлескен декларация БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерімен, ұйымдарымен, бағдарламалары және қорларымен өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның төрағалық ету кезеңінде есірткі заттар қауіпімен күресудегі күшін тиімді ету мақсатында ШЫҰ-ның хатшылығы БҰҰ-ның есірткі заттар және қылмыс жөніндегі Басқармасы және есірткі заттарға бақылау орнатудың Халықаралық комитетімен байланыс жасауға ұсыныс білдірді. Астанада өткен саммите ШЫҰ мүше мемлекеттері Ауғаныстанмен шекара қауіпсіздігіне қатысы бар арнайы жобалар бойынша НАТО-мен ынтымақтастық орнатуға дайындығын мәлімдеді. Қорыта айтқанда ШЫҰ барлық мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға дайын. ШЫҰ қауіпсіздік пен әлеуметтік-экономиканың дамуын қамтамасыз ету тек қана

халықаралық құрылымдар және бірлестіктермен ашық түрінде ынтымақтастық орнату арқылы мүмкін деген ұстанымда. Яғни, Шанхай Ынтымақтастығының Ұйымының қызметіне қатысу Қазақстан үшін оның көп векторлы сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының шеңберіндегі қызметін белсенділетуге бағытталған бір қатар іс-шараларды өткізуді, ұйымның мәртебесі мен функционалдық бағытын өзгертіп, аймақтық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементіне айналуын қолдайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ШЫҰ-на мүше мемлекеттер ұйымының болашақтағы дамуының негізін салу керектігін айта отырып, бес позитивті мақсат немесе бес мейрімді істерді атап өті.

Бірінші. Терроризм, экстремизммен күресу және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін территориялық және аймақтық қақтығыстарды реттеу жөніндегі Кеңесті құру;

Екінші. Еуразиялық тұрба құбыры және электртасымалдау жүйесінің негізінде ШЫҰ-ның біріңғай транспорттық-энергетикалық кеңістігін құру. Осыған байланысты инфрокұрылымдық интеграция жөніндегі Комитет құру ұсынылды.

Үшінші. Экономикалық ынтымақтастықтың жаңа механизмдерін іздестіру.

ШЫҰ-ның су-азық түлік комитетін және бірлескен жобаларды қаржыландыру үшін Даму Қорын құруды тездетуді ұсынды.

Төртінші. Төтенше жағдайлар бойынша Кеңес құру.

Бесінші. «ШЫҰ-2030», «ШЫҰ-2050» жобалық болжам жасайтын ШЫҰ-ның болжау Орталығын құру.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның ШЫҰ-на төрағалық етуінің нәтижесінде Астана қаласында өткен саммит Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы белгілі оқиғаға айналып, еліміздің халықаралық беделі мен престижінің өсуін көрсетті. Қазақстан ШЫҰ-ның ішіндегі бірлікті қамтамасыз ету мен интеграциялық үрдістерді нығайту ісінде нақты қадамдар жасады, ұйымның шеңберіндегі ынтымақтастықтың жаңа механизмдерін енгізді. Астана саммитінің қорытындысы ретінде Астана Декларациясы қабылданып, ШЫҰ-ның өткен жылдағы қауіпсіздік, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық салаларындағы қызметінің нәтижелері шығарылды, болашақтағы даму бағыттары белгіленіп, ШЫҰ-на төрағалық ету Қытай Халық Республикасына жүктелді.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.А. ШОС: десять лет истории: [Электронный ресурс]. - Режим доступа URL: <http://www.enu.kz/o-enu/enu-tsentr> – (Дата обращения 27.02.2013).

2 Саудабаев К. Председательство Казахстана в ШОС должно стать важным этапом в укреплении многостороннего сотрудничества: [Электронный ресурс]. - Режим доступа URL: <http://www.knb.kz/page.php?page> - (Дата обращения 14.02.2013).

3 [Электронный ресурс]. - Режим доступа URL: <http://www.paruskg.info/> – (Дата обращения 11.01.2013).

4 Турарбекова Р.М. Перспективы сотрудничества стран – членов ШОС в сфере образования // Матер. междунар. науч.-практ. конф. «Председательство Казахстана в ШОС в 2010-2011 гг.» – Алматы, 2011. – С.87-92.

Жабина Ж.Р

КАЗАКСТАН В ШАНХАЙСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ – КОМПЛЕКСНАЯ ПОЗИЦИЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ

В статье авторы рассматривают сотрудничество РК в рамках ШОС. Идею создания нового глобального мирового порядка обсуждают в контексте новых политических теорий. Также авторы рассматривают ШОС как новую структуру в региональном развитии и в региональной системе безопасности.

Zhabina Zh. R.

KAZAKHSTAN in Shanghai Organization - INTEGRATED SECURITY POSITION

In this article, the authors examine the cooperation of Kazakhstan in the framework of the SCO. The idea of creating a new global world order. The same authors consider the SCO as a new structure of regional development and regional security.

УДК 327.1

**Изтаева В.А., к.п.н., доцент кафедры международных отношений,
Булебаев С., магистр 2 курса кафедры международных отношений,
КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан**

**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ**

Осы мақалада авторлар жаңа әлемдік тәртіп, жаңа қауіп-қатер мәселесін қарастырған. Авторлар аймақтық қауіпсіздік жүйелері мәселелерін зертеген. Лаңкестік соңғы жылдары тек нақты белгілі елдерде байқалып, жергілікті сипатқа ие болса, қазіргі таңда ол мемлекеттік шекараны танымайтын, мүшелерінің құрамына да, іске асыратын актілерінің географиясына да байланысты жаһандық трансұлттық қозғалысқа айналды. Жаппай жою қаруының заңсыз тасымалдануымен байланысты мәселелер кешені лаңкестікпен тікелей байланысты болып табылады.

Тірек сөздер : әлеуметтік әділдік, жаңа әлемдік тәртіп, терроризм, экстремизм, саяси даму, экономикалық реформалар, жүйе

XX ғасырдың аяғындағы ғылым, техника мен технологиялардың, сауда-экономикалық қатынастардың дамуы, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастардағы трансформация әлемдік тәртіптің кең ауқымды өзгерістеріне әкеліп соқты. Дамыған, жел көлемі үлкен, немесе басқа да ерекшелікке ие мемлекет басқа елдерге өз әсерін тигізе бастады. Мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, саяси және әлеуметтік қатынастардың нығаюының кері әсері де орын алды. Бұрын тек мемлекеттің өзіне ғана әсер ететін, тек сол мемлекеті тұрақсыздандыратын факторлар мен жағымсыз үрдістер транзиті іске асты. Яғни, екі тайпаның арасындағы діни себептерден басталған талас-тартыс бір этностың аймақтық, тіпті әлемдік масштабтағы қудалануына әкеліп соғады. Сауда қатынастарының дамуы есірткі, қару-жарактың ккрші елдерге заңсыз түрде сатылуына әкеліп соқты. Бұрын мемлекет ішінде жұмысын атқарып жатқан радикалды топтар қазіргі таңда жаһандық трансұлттық қозғалы сипатына ие. Сонымен қатар ішкі қарулы қақтығыстар басқа елдер үшін қақтығысқа қатысушы жақтардың біріне көмек көрсету арқылы аймақтағы үлесін нығайтуға қолайлы жағдай тудырады. Осылайша, XXI ғасырға адамзат үш аса маңызды халықаралық проблемамен қадам басты: халықаралық лаңкестік, жаппай жою қаруының заңсыз тасымалдануы, ішкі қарулы қақтығыстар. Сонымен қатар, бұл үштікке өте жақын болып «ішкі қақтығысқа үшінші жақтың қаруланған араласуы» феномені табылады. Бір жағдайда бұл халықаралық әрекет пайда болушы қауіп-қатердің алдын алу амалы болса, кей жағдайларда бұл әрекеттердің өзі қатер болып табылады. Бұл қатерлер бұрын да орын алды, алайда олардың басқа үрдістерге қарағанда үлесі аз болды. Олардың басымдығының соңғы жылдардағы артуы осы қатерлердің арқайсысының ішкі әлеуетінің артуы және олардың кешеніне байланысты.

Лаңкестік соңғы жылдары тек нақты белгілі елдерде байқалып, жергілікті сипатқа ие болса, қазіргі таңда ол мемлекеттік шекараны танымайтын, мүшелерінің құрамына да, іске асыратын актілерінің географиясына да байланысты жаһандық трансұлттық қозғалысқа айналды. Жаппай жою қаруының заңсыз тасымалдануымен байланысты мәселелер кешені лаңкестікпен тікелей байланысты болып табылады. Не бары отыз жыл бұрын мұндай қатердің қайнар көзі болып мұндай қару-жаракқа ие мемлекеттер болса, қазіргі таңда бұл қауіптің қайнар көзі болып жеке тұлғалар болып табылады. ЖЖҚ-ды таратудың алдын алуының бұрын мемлекетаралық форматта іске асқан рационалды логикасы қызметін атқара алмайды, себебі жазаны қолдану субъекті белгісіз. Ал ішкі қақтығысқа шет елдің қарулы түрде араласу феномені жаңа халықаралық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудағы ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мұндағы аса маңызды мәселелер болып бір немесе бірнеше елдер коалициясының бір немесе бірнеше елге қарсы күш қолдануы, белгілі бір әскери немесе саяси мақсаттарға жеті, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің санкциясына сәйкес немесе бұл ұйымнан тыс қимылдау табылады.

«Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа қатерлерінің пайа болуының алғышарттарының ең бастысының бірі жаһандану» - мұндай пікірдің жаны бар болса керек.

Жаһандану процесінің бір қозғаушы факторы ретінде ақпараттық коммуникативтік технологияның қарқындап дамуын қарастыруға болады. Осы саладағы қызмет аз уақыт аралығында қаншама ақпаратты тасымалдауға мүмкіндік береді, әсіресе интернет жүйесінің пайдаланылуы. Қазір әлемде 300 млн-нан астам адам интернет жүйесіне тіркелген және олардың саны күн санап өсіп келеді. Сондай-ақ БАҚ пен осы саладағы жаңа технологиялар бұқаралық салада нағыз өзгерістер енгізді. Сайлау науқаны кезінде бұқара санасын манипуляциялауда, жалған қоғамдық пікір қалыптастыруда БАҚ пен жаңа технологиялардың рөлі арта түсуде.

Халықаралық қауіпсіздікке төнген қауіптердің алғышарттарының екінші бір тобына мемлекеттер арасындағы экономикалық алшақтықтың ұлғаюын жатқызуға болады. Трансұлттық компаниялардың күн сайын нарықтың жаңа салаларын жаулап алуы әлемнің көптеген елдерінде тұтастай бір өнеркәсіп салаларының жойылып, соның салдарынан жұмыссыздықтың пайда болуы мен жартылай жұмыспен қамтуға әкеліп соқтырып, қазіргі таңда олардың саны 1 млрд. адамнан асып кеткен. Олардың көбісі әлемнің кедей елдерінде тұрады. Кедей елдерді әлем дамуынан тысқары қалдыру қаупі де төніп тұр, соның салдарынан кедей елдерден бай елдерге миграциялау тенденциясы өсіп отыр.

Үшінші топқа адам санының көбеюіне байланысты табиғи ресурстардың жетіспеушілігі жатады. Халықтың басым бөлігінің қалаға көшуі урбанизацияның өсуіне әкеліп, бұрыннан қалыптасқан жағдай мен құрылымдардың өзгеруіне әкеліп соқтыруда.

Экологиялық жүйелердің бұзылуы мен экологиялық және техногенді апаттар да үлестерін қосуда. Мұндай апаттар халықаралық қатынастардың тұрақсыздануына зор үлесін қосады, апаттар нәтижесінде мемлекеттердің экономикасына, әлеуметтік жағдайына, дипломатиялық және басқа да қатынастардың тоқталуына әкеліп соғуы мүмкін.

Ядролық, биологиялық және химиялық қаруды, сондай-ақ оларды жеткізу құралдарын (зымырандарды) тарату ғаламдық және аймақтық деңгейде зор қауіп-қатер тудырып отырғаны баршаға мәлім. Халықаралық лаңкестердің жаппай жою қаруын пайдалану мүмкіндігі де қосымша қауіп төндіретіні де сөзсіз. Атом қаруы мәселесі қырғи - қабақ соғыс кезінде ең өткір проблемалардың бірі болған болатын, ал оның аяқталуымен халықаралық саяси жағдай біраз түзелді. Ядролық қаруды таратпау ісінде және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ядролық қарудан азат аймақтар (ЯҚАА) құру процесінің зор маңызы бар. Ядросыз аймақ идеясы жаппай қырып жоятын қаруды таратпау және жалпы қарусыздандыру шарасы ғана емес, сондай-ақ бұл аймақтық қақтығысты жағдайларды реттеу мен бәсеңдетудің елеулі факторы ретінде қабылданады. Ядросыз аймақ, оған қатысушы мемлекеттерге ядролық қаруды таратпау туралы шартпен салыстырғанда нақты жағдайларға қатысты кейбір артықшылықтарды береді: олар

ядролық державаларға тиісті ядролық қаруды орналастыруға тиым салып, ядоросыз мәртебесін толық орнатады; ядросыз аймаққа қатысушылар, бұдан басқа қалыптасқан тәжірибеге сәйкес ядролық державалар тарапынан заң жүзінде міндетті қауіпсіздік кепілдіктерін алады.

Әлемде есірткі саудасы адамзатқа аса зор қауіп төндірді. БҰҰ мәліметі бойынша қазіргі кезде (2006 ж.) бүкіл әлемде нашақорлар саны 400 миллион адамға жеткен (тек тіркелгендері ғана). Есірткі саудасымен айналысушылар жылына 500 миллиард доллар пайда тауып отыр, мақта өсіру бидай өсіруден отыз есе пайдалы екендігі анықталды. Әлемдік есірткі саудасы әлемдік көлемде сататын темір, болат, автомобильді қоса есептегендегіден жоғары тұр.

Есірткі саудасының өршуінің себептері, алдымен, әртүрлі елдердегі соңғы жылдардағы қоғамдағы әлеуметтік қиыншылықтар, шекаралардан өтудің жеңілдігі, тәуелсіздік алған мемлекеттердің алғашқы кезеңде есірткіге қарсы күрес саясатының қалыптаспауы аталады.

Есірткі заттарын (героин) өндіру Оңтүстік Батыс Азияның, «Алтын жарты ай»- Ауғанстанның оңтүстігі, Пәкістанның солтүстігі, Иранның шығысы-ауданында мықтап қолға алынған.

Ауғанстаннан Еуропа елдеріне есірткі апару үш бағытта (жолмен) жүргізіледі: бірінші жол-Пәкістан теңіз порттары арқылы тасылады, мұнда есірткінің тең жартысынан көбі кетеді, екінші жол-Орталық Азия, Қазақстан, Ресей, Украина, Белоруссия арқылы өтеді, мұнда есірткінің үштен бірі тасылады, үшінші жол-Иран арқылы салынған.

Әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған экстремизм мен лаңкестіктің өріс алуы мен қанат жаюының жаһандық қатерінің көзге көрініп тұрған фактісіне қарамастан, ортақ зұлымдыққа қарсы күшті біріктіру міндеті тәжірибелік тұрғыда өте күрделі және ол екі негізгі себепке келіп тіреледі. Біріншіден, БҰҰ түріндегі кең, көп жоспарлы ынтымақтастықтың бұрынғы формалары мен тетіктері сындарлы сәттерде (мысалы Ирак) жұмыс істемей отыр. Яғни, халықаралық қауіпсіздікке бағытталған қауіп-қатерлерге қарсы тұра алатын өзара әрекеттесудің жаңа формасы, жаңа тетіктері қажет. Осымен тығыз байланысты екінші себеп, әрбір жеке мемлекет бұрынғыдай қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегиясында өзінің ұлттық мүддесін басшылыққа алады, ал аталмыш мүдделер әрбір елде бөлек болғандықтан олар тек үйлеспеуі ғана емес, тіпті жекелеген жағдайларда бір-біріне қарама-қарсы тұруы мүмкін.

Сонымен, қысқаша қарастырылған қауіп-қатерлер қазіргі мемлекеттердің қауіпсіздігіне және әлауқатына қатер тигізеді. З.Бжежинскийдің айтуынша, мұндай қатерлерге тек бір ғана жауап бар: әлемді жарықтарға бөлшектеп жатқан қақтығыстардың түбегейлі себептерін жоюға бағытталған жаһандық стратегияны пайдалану. Ең қуатты державалардың Үшінші әлем мемлекеттерінің мүдделерін есепке ала отырып экономикалық және саяси серіктестігі жаңа қауіп-қатерлерге жауап табудың жолы болса керек.

Әдебиеттер

1 Still, William T. New World Order: The Ancient Plan of Secret Societies. – Huntington House Publishers, 1990.

2 Robertson, Pat. The New World Order. – W. Publishing Group, 1992.

3 Keith, Jim Black. Helicopters over America: Strikeforce for the New World Order. - Illuminet Press, 1995.

4 Глобализация: история, динамика, аспекты, грани, перспективы: Монография. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

Изтаева В.А., Булебаев С.
СОВРЕМЕННЫЕ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В СИСТЕМЕ
НОВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В данной статье авторы рассматривают формирование нового мирового порядка, новые вызовы и угрозы. Так же авторы рассматривают проблемы региональной системы безопасности.

Iztaeyva V.A., Bulayev S.
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS IN THE SYSTEM
NEW SAFETY

In this article, the authors consider the formation of a new world order, new challenges and threats. The same authors discuss issues of regional security.

УДК 323.121.330(574:510)

Мекебаев Т.К., к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана,
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ И КИТАЙ:
ПОГРАНИЧНЫЙ ВОПРОС И РОЛЬ ШОС

В статье геополитических и геоэкономических отношений между Казахстаном и Китаем. Автор обращает внимание пограничные вопросы между двумя странами. В системе двусторонних и многосторонних отношений Казахстана, Кыргызстана, России и Таджикистана с Китаем важное значение имеет развитие и укрепление дружеских отношений с этим государством на основе принципов взаимоуважения, которые распространяют сферу действия прежде всего на ныне существующие между ними государственные границы.

Ключевые слова: КНР, ШОС, новая геополитика, границы

Китай в последнее время активно претендует на роль одного из лидеров мировой политики, и оснований на такое мировое первенство у него более чем достаточно: Китай обладает крупнейшим населением, значительной китайской диаспорой по всему миру, а также достаточно мощным экономическим и военным потенциалом. Поэтому данная статья будет посвящена взаимоотношениям новых центрально-азиатских государств с Китаем по поводу пограничного вопроса.

В системе двусторонних и многосторонних отношений Казахстана, Кыргызстана, России и Таджикистана с Китаем важное значение имеет развитие и укрепление дружеских отношений с этим государством на основе принципов взаимоуважения, которые распространяют сферу действия прежде всего на ныне существующие между ними государственные границы. Обосновать такое мнение можно тем, что после 1992 г. проблема бывшей советской границы с Китаем приобрела гораздо более сложный характер, так как в течение нескольких десятилетий КНР придерживалась позиции пересмотра и уточнения границы с СССР на Дальнем Востоке и Центральной Азии. Поэтому, придавая большое политическое и юридическое значение роли границ как фактора, определяющего пределы территории и сферу территориальной юрисдикции, каждое из этих государств понимает, что взаимное уважение границ как между собой, так и с Китаем должно рассматриваться как необходимое условие сохранения мира и обеспечения безопасности в центрально-азиатском регионе. С этой целью стороны обязаны в соответствии с международным правом воздерживаться от любых

посягательств на границы друг друга и от любых требований или действий, направленных на захват части или всей территории друг друга. Также они должны учитывать, что границы могут изменяться на основе норм международного права, мирным путем и по соглашению между государствами, и что этому вопросу посвящены нормативные положения принципов нерушимости границ и территориальной целостности государств.

В настоящее время, после прекращения существования СССР, государства осуществляют комплекс новых правовых совместных действий по точному и окончательному установлению своих государственных границ. В этой связи в рамках рассматриваемой темы необходимо уделить особое внимание двум аспектам: многосторонней форме сотрудничества с участием всех заинтересованных сторон и определению состояния содержания двусторонних отношений Казахстана и Китая.

До августа 1991 г. переговоры с Китаем вела советская правительственная делегация с участием представителей сопредельных с КНР союзных республик. Однако после распада СССР вопрос "раздробился" в связи с образованием республик Центральной Азии. Китай имел все основания продолжать рассматривать проблему как наследие истории. В этой связи необходимо рассмотреть пограничный вопрос с Китаем с точки зрения системного анализа. Исходя из этого, в качестве системы можно взять взаимоотношение между СССР и КНР по поводу спорных территорий. Элементами этой системы будут Советский Союз и Китай, стремящиеся обеспечить нерушимость своих границ и территориальную целостность. Структура данной системы базируется на наличии общей границы и существовании спорных территорий, отсюда стремление каждого из элементов завладеть последними. Функция как реакция системы проявилась в военных инцидентах 1969 г. на острове Даманский и озере Жаланашколь. Данная система претерпела трансформацию с точки зрения конфигурации соотношения сил, поскольку с распадом СССР увеличилось количество акторов в системе (в качестве новых акторов появились Казахстан, Кыргызстан и Таджикистан). В результате трансформации образовалась новая система, элементами которой явились Россия, Казахстан, Кыргызстан и Таджикистан - с одной стороны, и Китай - с другой. Структура новой системы основывалась на тех же принципах, то есть наличии общей с Китаем границы и существовании спорных участков. Функцией данной системы явилась активизация переговорного процесса с целью окончательного урегулирования пограничного вопроса и обеспечения, таким образом, территориальной целостности и нерушимости границ.

После образования в декабре 1991 г. СНГ для ведения переговоров с Китаем по пограничным вопросам вместо правительственной делегации СССР Соглашением, подписанным в Минске 8 сентября 1992 г., была создана единая делегация правительств Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан. Это Соглашение было одобрено Постановлением Кабинета Министров Республики Казахстан от 17 июля 1992 г. [1].

В Соглашении были подтверждены достигнутые договоренности и принципы ведения переговоров бывшей правительственной делегации СССР и правительственной делегации КНР. Каждая из республик зафиксировала это положение в двусторонних соглашениях с Китаем.

В новом формате делегация возобновила переговоры с Китаем по пограничным вопросам в октябре 1992 года. Переговоры проводились и проводятся как в форме пленарных заседаний делегаций, так и на уровне рабочих групп, созданных в рамках этой делегации. Сейчас действуют три рабочие группы. Одна из них занимается обсуждением оставшихся несогласованных вопросов, другая - юридическая готовит соглашение о прохождении согласованной линии границы, а третья занимается подготовкой топографической карты, которая будет использоваться при ее дальнейшей демаркации.

После распада Советского Союза давние китайско-советские пограничные споры достались по наследству, с одной стороны, Казахстану, России, Кыргызстану и Таджикистану, и с другой - Китаю, переплетаясь в сложный узел территориальных разногласий и проблем безопасности. К примеру, с 1964 г. власти Китая считали, что

пограничная линия, определившаяся в конце XIX – начале XX в., не соответствует реальному положению вещей, так как была проведена во времена, когда Китай был очень слабым, а Россия – могучей державой, и потому современное руководство КНР рассчитывало на их пересмотр. В результате после обретения независимости в 1991 г. на 19 участках общей площадью около 34000 кв. км возникли территориальные споры между постсоветскими республиками – Казахстаном, Кыргызстаном, Таджикистаном и Китаем. Среди них 11 участков площадью 2235 кв. км приходились на казахстанско-китайский участок границы, 5 участков площадью 3728 кв. км приходилось на китайско-кыргызский участок границы и 3 участка в 28430 кв. км – на китайско-таджикский участок границы. Под контролем Китая тогда находилось 3 участка из 19 общей площадью 270 кв. км, среди них на казахстанско-китайском отрезке границы – 2 участка площадью 70 кв. км., на китайско-кыргызском отрезке – 1 участок площадью 200 кв. км. Кыргызстан и Таджикистан контролировали по 1 участку площадью 230 кв. м и 2800 кв. км. соответственно. Кроме того, существовало 11 участков, куда был дозволен свободный доступ лицам обеих сторон, среди которых – на китайско-казахстанском отрезке границы – 8 участков, на китайско-кыргызском отрезке – 2 участка и на китайско-таджикском отрезке – 1 участок. Дополнительно имелись ещё 3 участка, по одному в каждой из этих центральноазиатских республик, куда гражданам обеих сторон запрещалось входить [2].

Следует отметить, что для конструктивного решения пограничных вопросов с Китаем в 1996 г. была создана «Шанхайская пятерка» в составе Казахстана, Китая, Кыргызстана, России и Таджикистана. После вхождения Узбекистана в 2001 г. она была трансформирована в региональную организацию многостороннего сотрудничества – Шанхайскую организацию сотрудничества (ШОС). История «Шанхайской пятерки» (ныне ШОС) началась с подписания главами государств-участниц двух основных документов: Соглашения об укреплении доверия в военной области в районе границы, подписанного 26 апреля 1996 г. в Шанхае (Шанхайское соглашение) [3], и Соглашения о взаимном сокращении вооруженных сил в районе границы, подписанного 24 апреля 1997 года в Москве (Московское соглашение). Предусмотренный данными соглашениями детальный механизм выполнения подписанных договоренностей и создание Совместной Контрольной Группы (СКГ), призванной контролировать выполнение взятых обязательств, определили успешную реализацию соглашений в последующие годы.

Нужно подчеркнуть, что переговоры по вопросам углубления мер доверия в районе государственной границы между СНГ и КНР, решение которых способствовало бы укреплению безопасности, сохранению спокойствия и стабильности в районе границы, начались между бывшим СССР и КНР еще в ноябре 1989 года. Тогда обе стороны впервые сели за стол переговоров с целью установить отношения дружбы и добрососедства. С тех пор до 1991 г. было проведено 22 раунда переговоров, результатом которых стало подписание между Правительством СССР и Правительством КНР Соглашения о руководящих принципах взаимного сокращения вооруженных сил и укрепления доверия в военной области в районе советско-китайской границы от 24 апреля 1990 года. Однако в связи с распадом в декабре 1991 г. СССР его обязательства по этому международному договору как государства-предшественника должны были переходить к новым государствам-преемникам. Те, выступаящие как Совместная Сторона в переговорных механизмах с КНР, не отрицали юридического значения данного договора и обязались руководствоваться его положениями, с учетом последствий политических изменений вместе с китайской делегацией. Такая постановка вопроса однозначно требовала уточнения или пересмотра прав и обязанностей, вытекающих из этого договора для каждого участника переговорного процесса. В результате с 1992 по 1996 гг. были проведены 17 раундов бесед и встреч на разных официальных уровнях, затрагивающих интересы пяти государств, общая протяженность границ которых составляет 7,5 тыс. километров и в которых проживает почти половина всего населения нашей планеты. Итоговой формой длительной, кропотливой и трудной серии раундов стало подписание 26

апреля 1996 года в Шанхае Соглашения между Республикой Казахстан, Кыргызской Республикой, Российской Федерацией, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой об укреплении доверия в военной области в районе границы. Соглашение, подписанное главами всех пяти государств, ознаменовало собой не только событие исторической важности, но и стало первым международным договором такого рода в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Как полномасштабный военно-политический документ Соглашение создает необходимые гарантии укрепления региональной безопасности, сохранения спокойствия и мира в районе границы, а также представляет собой важный совместный вклад пяти сопредельных государств в дело обеспечения стабильности, безопасности и развития в Азиатско-тихоокеанском регионе и может служить примером для других государств данного региона.

Учитывая большое международно-правовое значение Соглашения, Стороны договорились распространить его текст в качестве официального документа ООН, что впоследствии было осуществлено совместными усилиями Постоянных Представительств Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана и Китая при ООН. Если обратиться к тексту Соглашения, как к юридическому документу, то согласно ему Стороны принимают на себя следующие обязательства:

1) вооруженные силы Сторон, дислоцированные в районе границы, как составная часть вооруженных сил Сторон, не будут использоваться для нападения на другую сторону, вести какую-либо военную деятельность, угрожающую другой Стороне и нарушающую спокойствие и стабильность в районе границы.

2) Стороны уведомляют о временном выводе войск и вооружений из 100-километровой географической зоны по обе стороны от линии границы между Казахстаном, Кыргызстаном, Россией, Таджикистаном – с одной стороны, и Китаем – с другой стороны.

3) Стороны не проводят военные учения, направленные против другой стороны, а также в 100-километровой географической зоне по обе стороны от линии границы согласовывают численность войск (так, на казахстанско-китайском участке в войсковых учениях не может быть занято более 4 тыс. человек), а также вводят множество чисто военных ограничений, создают систему взаимного информирования, приглашения наблюдателей и предотвращения всех инцидентов. В последнем случае интересно отметить, что Стороны все же оговаривают свои действия при возникновении «неясной ситуации в районе границ» и даже «инцидентов, вызванных опасной военной деятельностью».

Как гласит ст. 8 Соглашения, в подобных случаях Стороны должны принимать меры по прекращению такой деятельности, прояснению ситуации (исключительно путем консультаций) и возмещению ущерба. Возмещение ущерба, возникшего в результате опасной военной деятельности одного из государств, осуществляется этим государством в соответствии с общепризнанными принципами и нормами международного права.

Ратификация Соглашения в Казахстане была осуществлена Парламентом страны 24 декабря 1996 г., и таким образом, республика приняла на себя международно-правовые обязательства по его выполнению.

В целом, по своему политическому содержанию, географическому масштабу и юридическому значению подписанное в Шанхае 26 апреля 1996 г. пятистороннее Соглашение является уникальным, так как создает надежные предпосылки безопасности и стабильности в Азиатско-тихоокеанском регионе и полностью соответствует сути внешнеполитической стратегии Казахстана. В Соглашении отмечалось, что оно не направлено против третьих стран, не является новой формой военного союза и представляет собой лишь модель установления нового порядка в мире после окончания Холодной войны в целях сохранения мирной обстановки в регионе. В дальнейшем заключенное соглашение сыграло позитивную роль в разрешении пограничных проблем между КНР и РК.

В развитие Соглашения между Республикой Казахстан, Кыргызской Республикой, Российской Федерацией, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой об укреплении доверия в военной области в районе границы от 26 апреля 1996 г. Стороны, спустя год, то есть 24 апреля 1997 г., подписали в Москве еще один пятисторонний международный договор – Соглашение между Республикой Казахстан, Кыргызской Республикой, Российской Федерацией, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой о взаимном сокращении вооруженных сил в районе границы. Следует подчеркнуть, что подписанию данного Соглашения тоже предшествовало семь напряженных лет работы совместных Правительственных делегаций республик бывшего СССР и КНР, в течение которых стороны занимались окончательной отработкой текстов Соглашения, Протоколов к нему и прилагаемых к Соглашению карт географических районов.

В соответствии с Соглашением стороны подтвердили свое стремление на основе принципа взаимной и равной безопасности сократить вооруженные силы, размещенные в районе границы между Казахстаном, Кыргызстаном, Россией, Таджикистаном и Китаем, до минимального уровня и обязались придать вооруженным силам, остающимся в районе границы, исключительно оборонительный характер. Географическими пределами применения Соглашения является географический район, расположенный на глубину в 100 километров по обе стороны от линии границы между Казахстаном, Кыргызстаном, Россией, Таджикистаном - с одной стороны, и Китаем - с другой стороны.

Необходимо также обратить внимание на то, что взаимное сокращение вооруженных сил в районе границы Сторонами будет осуществляться по принципу асимметрии: у кого больше того или иного вида вооруженных сил, вооружений и боевой техники, тот и сокращает больше, чем другая сторона. При этом следует отметить, что этот принцип впервые был выдвинут как основополагающий в Соглашении между Правительством СССР и КНР о руководящих принципах взаимного сокращения вооруженных сил и укрепления доверия в военной области в районе советско-китайской границы от 24 апреля 1990 г. Что же касается контрольных механизмов осуществления и соблюдения Соглашения 1997 г., то каждая из Сторон имеет право проводить и берет на себя обязательство принимать инспекции и проверки в географических пределах применения Соглашения раздельно для вооруженных сил и пограничных войск (пограничных частей) Сторон в соответствии с Протоколом о контроле и проверках.

Необходимо отметить, что встречи глав государств «Шанхайской пятерки» становились регулярными и, более того, традиционными. Следующий саммит глав пяти государств состоялся 3 июля 1998 года в Алматы, в ходе которого наметилась тенденция к расширению сфер сотрудничества. В итоге, совместная деятельность «Пятерки» не ограничилась решением пограничных вопросов.

24-25 августа 1999 г. в Бишкеке состоялась четвертая встреча глав государств, по итогам которой были подписаны Бишкекская Декларация и Соглашение между Казахстаном, Кыргызстаном и Китаем о точке стыка государственных границ трех государств.

Одним из значимых событий в эволюции объединения стал пятый саммит глав государств «Шанхайской пятерки» в Душанбе, состоявшийся 5 июля 2000 года. В подписанной Душанбинской декларации уже прямо подчеркивалось стремление сторон превратить «Шанхайскую пятерку» в региональную структуру многостороннего сотрудничества в различных сферах. Это стало необходимым не только в связи с расширением сфер деятельности, но и для более эффективного скоординированного сотрудничества в рамках предыдущих договоренностей. Помимо Душанбинской декларации, на саммите было подписано трехстороннее Соглашение о точке стыка государственной границы между Кыргызстаном, Китаем и Таджикистаном. Подписанием данного соглашения закончился трудный процесс юридического уточнения государственной границы между пятью странами-участницами.

Главным событием 2001 г. стала встреча глав государств, которая прошла 15 июня в Шанхае. Шанхайский саммит стал ключевым событием в истории объединения, поскольку произошла правовая трансформация объединения «Шанхайская пятерка» была трансформирована в Шанхайскую организацию сотрудничества (ШОС). Это стало необходимым ввиду расширения круга обсуждаемых проблем и сфер сотрудничества, включая экономический блок (напомним, что «Шанхайская пятерка» первоначально была призвана заниматься пограничным вопросом), и присоединения третьих стран в лице Узбекистана, не имеющего общей границы с Китаем. ШОС по сравнению с «Шанхайской пятеркой» ставит своей целью создание единой системы безопасности в Центральной Азии.

Список литературы

1 Аманжолов Ж.М. Территориальные и пограничные взаимоотношения Казахстана и других республик бывшего СССР с Китаем // Вестник КазГУ. Серия «Международные отношения и международное право». – 2012. - №1(3). - С.87.

2 Чжен Кун Фу. Геополитика Казахстана. Между прошлым и будущим. – Алматы, 1999.- С.292.

3 Государственная граница. Сборник нормативно-правовых актов и международно-правовых документов. – Алматы, 2000. - С. 35-45.

Мекебаев Т.К.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ШЕКАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ШЫҰ РӨЛІ

XXI ғасырдың алғышқы жартысындағы халықаралық қатынастар алаңында ең үлкен талқыланатын мәселе Қытай Халық Республикасының (ҚХР) үдемелі түрде қарқынды экономикалық дамуы болары даусыз. Бүгінгі күні бүкіл әлем Қытайға көз тігіп отыр. ҚХР-дың таңданарлық экономикалық дамуы мен белсенді дипломатиялық қатынастары Жер шарының Азия бөлігін ғана емес, Африка, Азия Тынық мұхиты аймағы, Латын Америкасы және Еуразия құрлығын тұтастай баурап алды. Әлемнің бірқатар жетекші мемлекеттерінің саяси сарапшыларының пікірлерінше, Американдық дәуір аяқталып келеді. Альберт Кейдельдің (Карнеги фонды) есептеуі бойынша 2020 жылға қарай ҚХР ІЖӨ (ВВП) көлемі АҚШ-пен теңеседі. Ал, 2050 жылдар шамасында ҚХР ІЖӨ (ВВП) көлемі Американың бұл көрсеткішін екі есе басым озады. Алдағы он-он бес жылда Американың мызғымас экономикалық қуатты жойылады. Бұдан ары қарай Жер шарындағы негізгі экономикалық қозғаушы күш Қытай болады. Батысқа бағытталған әлемдік тәртіптің орынын Шығыс басымдылық танытатын жаңа құрылымдық жүйе басады [1]. Осыдан келе: «Халықаралық жүйенің ендігі даму процесі қандай болмақ?», - деген заңды сұрақ туындайды. ҚХР қазіргі халықаралық жүйені жойып немесе өзгертіп, жаңа жүйе қалыптастыруға тырыса ма, әлде қазіргі жүйенің бір мүшесі бола отырып, әлемдік дамудың жетекші күшіне айнала ма? Америка Құрама Штаттары (АҚШ) өзінің қазіргі жағдайын сақтап қала ала ма? Егер сақтап қалса, қандай формада? АҚШ пен ҚХР тең дәрежедегі өзара бәсекеге құрылған жүйе қалыптастырса қалай болмақ? Ал АҚШ өз басымдығын сақтап қала алмаған жағдайда ҚХР жетекшілігіндегі (басымдығындағы) жаңа әлемнің болашағы қандай? Осындай сұрақтарға, өзімізге көрінетін тұсынан (ракурс) ҚХР мен АҚШ арасындағы қазіргі қарым-қатынастарды талдау арқылы жауап издестіріп көрмекпіз.

АҚШ билігіне Барак Обама бастаған әкімшіліктің келуімен ресми Вашингтон үшін өзінің сыртқы саясатындағы кейбір аспектілерді шығыс және батыс бағыттарда қайта қарауға тура келді. АҚШ-тың бұрынғы ресми әкімшілігінің шығыс аймақтағы қимыл-әрекеттері азиялық мемлекеттердің, әсіресе Қытайдың қатал сынына алынып отырды. Қытай тарапы бұл қимылдарды Қытайды қоршауға, оқшаулауға және саяси-экономикалық

дамуына кедергі келтіруге арналған арнайы стратегиялық әрекет ретінде бағалады. Бұл – Вашингтонның Солтүстік-Шығыс Азиядағы Тынық мұхитының батыс бөліктеріне бірнеше қосымша ірі әуе күштерін және бұл аймақта үздіксіз суасты ракеталарын топтастыру арқылы қауіпсіздікті қадағалау саясатына қатысты. Солтүстік-Шығыс Азия аймағында американың әскери күштерінің шамадан тыс топтасуы ҚХР-мен тиімді қатынастарды өзара қалыптастыруға кедергілерін келтіруде.

Соңғы уақыттарда АҚШ-тың Солтүстік-Шығыс Азия аймағына қатысты сыртқы саясаттың бағытына өзгерістер енгізу керектігі туралы американдық саясаткерлер жаңаша пікірлер білдіруде. Жекелей алғанда З.Бжезинский және Г.Киссенжер секілді саясаткерлер АҚШ басшылығын ҚХР-мен қатынастарды ерекше «Үлкен екілік» жүйесінде қалыптастыруда ұсынды. Әрине бұл бұрынғы қалыпты жүйеге қойылған осы аймақтағы Жапониямен, Оңтүстік Кореямен, Австралиямен және Жаңа Зеландиямен қатынастарды екінші дәрежеге қалдыру дегендік емес. Американдық саясаткерлердің көзқарастары бойынша бұл жаңа формат Тынық мұхиты бағытындағы сыртқы саясатқа жаңа бір сапалы екпін беретін қатынас болмақ. 2009 жылдың 14 қаңтарында лондондық Financial Times журналы З.Бжезинскийдың мақаласын басып шығарды. Онда автор: «АҚШ пен ҚХР «Үлкен екілік» форматында әлемдегі жағдайды біршама түзету үшін стратегиялық ынтымақтастықтарын дамытуға тиісті», - деп мәлімдеме жасаған. Саясаткер, сонымен қатар Пекин мен Вашингтонның бір-біріне тәуелді екендіктерін естен шығармауды ескертеді. Оның пікірі бойынша, жаһанның стратегиялық маңызды аймақтарының мәселелерін шешуге Қытайдың араласатын уақыты жетті және басқаша болуы мүмкін емес [2]. Ал Петерсон атындағы халықаралық экономика институтының директоры Фред Бергстон және Принстон университетінің профессоры Джон Айкенберри бастаған ғалымдар «үлкен екілік» форматын қолдай отырып, егер ҚХР үшін АҚШ пен жеке дара келіссөз алаңы ыңғайсыздық туғызатын болса, бұл форматқа балама тұрғысында «үлкен үштік» (G3) немесе «үлкен бестік» (G5) үлгілерін ұсынады. «Үлкен үштік» құрамына Еуропалық Одақты, ал «үлкен бестік» құрамына жоғарыдағылармен қатар Жапония және Сауд Арабиясын ұсынады [3].

Осыған ұқсас пікірлерді қытай-америка қатынастарын зерттейтін қытайлық ғалымдар мен қоғам қайраткерлері де білдірді. Олардың пікірінше мұндай қарым-қатынас екіжақты байланыстар саласына ғана емес, әлемнің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтауға елеулі үлес қосады. Қытай авторлары екі ел арасындағы қатынастарда қайшылықтардың азайып, ынтымақтастық пен серіктестіктің артып келе жатқандығын және АҚШ пен ҚХР әлемдік экономиканың қозғаушы күшіне айналғандығын айтады. Жалпы алғанда, қытайлық мамандардың пікірінше американо-қытай қатынастары тұрақты даму бағытында. Қытай экономикасының тұрақты түрде қарқынды дамуы, ал америка экономикасының бәсеңдеуі, өзі қаламаса да АҚШ-ты Қытайға терезесі тең әріптес ретінде қарауға мәжбүр етеді [4].

АҚШ жаңа әкімшілігі Барак Обаманы ұлықтау мерекесінен кейін бірден өзінің Қытаймен қатынастарына және жалпы Азия саясатына қатысты өзгерістер жасау үшін бірнеше нақты қадамдар жасады.

ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао 2009 жылдың 1 сәуіріндегі өзінің америкалық әріптесімен кездесуінде: «АҚШ-пен жемісті достық қатынастар екі мемлекет халықтарының мүдделері үшін ғана емес, барлық әлемнің тұрақтылығына, АТА-ның және жалпы жаһанның гүлденуіне әсер етеді», - деп мәлімдеген болатын. Ху Цзиньтаоның пікірінше, АҚШ билігіне Б.Обаманың келуімен қытай-американдық қарым-қатынас жаңа екпін алды, тараптар қытай-американдық қатынастардың жаңа дәуірдегі дамуының ортақ нүктесін анықтады, сонымен қатар қытай-американдық экономикалық және стратегиялық келіссөздердің құрылымдық жүйесін құруға қол жеткізілді. Бұған қоса Ху Цзиньтао Тайвань мәселесінің қандай бағыттарда дамуына қарамастан «Біртұтас Қытай» саясатын өзгеріссіз ұстанатындықтарын және «Тәуелсіз Тайвань» немесе «екі Қытай» тәрізді шаралардың барлығына нақты қарсы тұратындықтарын басып айтты.

Б.Обама өз кезегінде АҚШ бұл аймақта ресми түрде орнығуын ары қарай жалғастыратындықтарын, Тайвань жағалауларындағы қатынастардың жақсаруына атсалысатындықтарын және бұл қатынастардан зор үміт күтетіндігін жеткізді. Сонымен қатар, америка президенті де екі жақты қатынастардың тек екі мемлекет үшін ғана емес ғаламшардың болашағына тікелей қатыстылығын атап өтті [5].

Әлемдік экономиканың болашағы қандай болатындығына, алдағы жылдары Қытай мен Американың өзара қарым-қатынастарын қалай құрылатындығы елеулі ықпал етпек. Сондықтан қытай-американдық қатынасты жаңа деңгейге көтеру керек. Бүгінгі таңдағы дағдарысты және келешекте болатын қиындықтарды тек мақсаттардың ортақ екендігін түсіну арқылы ғана еңсере аламыз. Мәселен, адамзатты жаппай қыру қарулары, энергетика және ауа райының өзгеруі тәрізді шешуі қиын мәселелер Қытай мен Американың саяси қатынастарының бекуін талап етеді.

2011 жылдың 14 қаңтарында АҚШ мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон Вашингтонда американо-қытай қатынастары туралы мәлімдеме (доклад) жасады. Ол Америка мен Қытай өз қатынастарының қиын кезеңін бастан кешіріп жатқандығын, мемлекеттердің үлкенді-кішілі кез-келген қадамдары екі жақты қатынастардың бағытына әсер ететіндігін, сондықтан мемлекеттер әрбір қадамдарын аса ойланып жасау керектігін айтты. Соңғы екі жылда Б.Обама әкімшілігінің қызметі арқылы Қытаймен тереңірек, ауқымды және тұрақты ынтымақтастық орнатуға жағдайлар жасалды. Қазірдің өзінде аздаған жетістіктерге жеткіндігін көруге болады, бірақ жетістіктер мен қатар сәтсіздіктер де орын алып отыр. Алдағы қадамдар үшін тараптар жауапкершілік пен міндеттерді сезіне отырып, екі ұлы державаның арасында тұратын барлық қайшылықтармен тыңғылықты жұмыс істеуі керек [6].

АҚШ пен ҚХР-дың стратегиялық жақындасуына бірнеше факторлар, бірінші кезекте қаржылық өзара тәуелділік әсер етеді. ҚХР Американың қазыналық облигацияларын әлемдегі ең ірі сатып алушы.

Екі мемлекеттің әскери саладағы ынтымақтастық-бәсекелестікте әскери қорлардың тұрақсыздығына күманданып тараптар ардайым өзара түсініспеушіліктерге жол беріп отыр. Қытай АҚШ-тың әуе күштері мен атомды сүңгуір қайықтар санының Тынық мұхитында кебеюіне, аймаққа соғыс ұшақтарын, оның ішінде стратегиялық атқыштарды әкелінуіне және одақтастарымен бірігіп ірі әскери жаттығу іс-қимылдарын өткізуіне түсіністікпен қарай алмайды. Аталған аймақта американың ракетаға қарсы қорғаныс (ПРО) жүйелерінің (бірінші кезекте қытай ракеталық-ядролық күштеріне қарсы бағытталған) күшеюі және бұл қимылдардың барлығы қытайды шектеу саясатымен атқарылып отыруы Қытайды қатты алаңдатады. Американың жаңа әкімшілігі бұл шаралардан бас тартатындығына үмітпен қарауға да болмайды. Қалай болғанда да Пекин өз жағалауларына жақын жерлерде америкалық әскери күштердің орналасуына еріксіз төзіммен қарайды.

Ал АҚШ өз бәсекелесінің жасырын арнайы дайындалған әскери күштерінің, тыңшылық қызметтерінің өте қарқынды дамуына қорқынышпен қарайды. Америкалық арнайы қызмет (ЦРУ) орталығының директоры Аллен Даллес: «Біз тек қана соңғы уақыттарда қызыл Қытайдың тыңшылық қызметінің Құрама Штаттардың қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіріп отырғандығын айта бастадық. Алдағы жылдары Батыс үшін қытай шпионажы (барлау қызметі) орасан зор қауіп-қатер алып келеді. Шынайы баға берсек, ол бүгінгі күннің өзінде Азия және Тынық мұхиты аймақтарында алапат күшке айланып отыр», - деп баға бере отырып, әріптестерін қарсы қимылдарға шұғыл кірісуге шақырды [7]. Осыған ұқсас пікірді АҚШ ұлттық барлау орталығының директоры Дж.Клеппер де білдірді. «АҚШ үшін Қытай қауіп төндіретін қарсыласқа айлануға мүмкіншілігі толықтай бар. АҚШ әскери кемелері Қытай көз салып отырған Оңтүстік-Қытай теңізінде қызмет атқарып жатыр. ҚХР тарапының америкалық кемелерді аймақтан шығаруға ұмтылған қимылдары агрессия мен қауіпке толы», - деп баға береді Дж.Клеппер. Бірақ оның пікірінше АҚШ алдағы жиырма жылда мұндай қауіптердің барлығын оңай игере алады [8].

Осы және басқа да факторларды сараптай келе, АҚШ пен ҚХР арасындағы қарым-қатынас немесе өзара бітпес бәсеке жуық арада реттеледі дегенге сену қиын. Әрине қарым-қатынастың әртүрлі салаларында ынтымақтастық, серіктестік, өзара тиімді келісімдер дами беретіндігі сөзсіз бірақ өзара мақсат пен мүддені бір арнаға тоғыстырып, жаһандық мәселелерді барша адамзатқа пайдалы шешу жүйесіне қол жеткізу үшін әлі ұзақ мерзімдер керек.

Америкалық сарапшылардың пікірінше экономикалық салада жаһандану аясында аймақтық нарықтардың бірігу үдерісі (процесі) және сауданың либеральдануы жалғасуда, яғни бұл АҚШ-тың экономикалық басымдығы сақталады деген сөз. Бірақ аймақтардағы көшбасшылық талас арта түспек. Америкалық сарапшылар мұндай көшбасшылыққа бірінші кезекте Жапонияны емес, Қытайды лайықты деп санайды.

Американың Қытайға қатысты қимылдарында белгілі бір дәрежеде қарама-қайшылықтар пайда болып отыр. АҚШ бір жағынан Қытай экономикасын тежеу мақсатындағы қадамдарын жасап отырғанымен, екінші жағынан оған өзінің экономикалық байланыстылығын, тәуелділігін естен шығара алмайды. ҚХР бүгінгі күні АҚШ-тың маңызды сауда әріптесі. Қытай экономикасын тежеу, білгілі бір дәрежеде өздерінің экономикалық кеңістіктерінің тарылуына алып келеді. Бұған қоса, америка Тайбейдің тәуілсіздік мәселелеріне барынша көмектесетіндіктерін және ҚХР Тайваньды өзіне күшпен қосуды мақсат еткен жағдайда нақты шаралармен Тайваньды қорғайтындықтарын білдіріп отыр. Ал, ҚХР өз мақсаттарында аталмыш аймақтағы және әлемдік беделін арттыруды көздейді. Өзінің жылдам модернизациясының қажетті бөлшегі ретінде АҚШ-пен ынтымақтастықтарын белсенді түрде дамытуды мақсат етеді. Сондықтан да, екі жақты қатынастардың қиындағанынан мейлінше қашқақтайды.

Бүгінгі күні АҚШ мүдделері үшін қытаймен конфронтацияға келу де, немесе тым жақындау да тиімді болмай отыр. Осыдан келе, біздің пікірімізше ресми Вашингтон ресми Пекинмен ынтымақтастықты қалыптастыруда келесі мақсаттарды негізге алады:

ДСҰ ережелерін бұзған қытай фирмалары мен компанияларына санкция жариялау арқылы, ҚХР экономикалық өсу екпінін тежеу, қытайға экспортталатын энэгоресурстардың тасымалдану жолдарына кедергілер келтіру және америкалық инвесторларды қытай компаниялары белсенді аймақтарға бағыттау;

Ғылым және техника саласында АҚШ-тың ҚХР-дан басымдығын сақтау, қытайдың осындай жобаларды АҚШ-тан, басқа дамыған мемлекеттерден (соның ішінде РФ-нан) сатып немесе барлау жұмыстары арқылы алуына жол бермеу, сонымен қатар АҚШ-ғы, басқа маңызды аймақтардағы қытайлық барлау және тыңшылық қызметтерінің барлық түрлерімен қатал күрес жүргізу;

АҚШ әскери қызметінің Қытай ұлт-азаттық армиясынан (НОАК) сандық тұрғыдан ғана емес, сапалы түрдегі басымдығын барынша арттыру, Қытаймен көрші мемлекеттерде әскери базалардың қызметін жақсарту, сонымен қатар Шығыс Азия аймағындағы одақтастардың күштерін біріктіре отырып, Қытайдың өсіп келе жатқан әскери қуатына қарсы қимылдар жасау;

Тайваньға әскери көмектер көрсету арқылы және кез-келген оқиғаларда АҚШ-тың көмектесуге дайын екендігін әрдайым ресми мәлімдеп отыру арқылы, Тайвань ресми статусының анықталу мәселесін мүмкіндігінше соза түсу.

Мұндай жағдайда «аймақтың тұрақтылығын сақтау» үшін америкалық әскери күштердің үнемі аймақта орналасуы керек. Сол арқылы, АҚШ аймақтағы жағдайларды қадағалап отыруға мүмкіншілік алады. Бұған қоса, АҚШ екі жақтылы және көп жақтылы қатынастар мен байланыстарды өз мүддесіне орай икемдей отырып, әлемдік жағдайға да өз мүддесіне сай ықпал етуді көздейді. Сондықтан Шығыс Азия аймағында АҚШ-тың әскери күштерінің орналасуы, Американың аймақтық саясатының маңызды бір бөлігі болып қала бермек. Нәтижесінде, аймақтағы Америка мүддесін уақтылы қорғауға, аймақтағы америкалық капиталдардың үлкен ауқымда орналасуына әрі қауіпсіз болуына және осы бір маңызды аймаққа барынша қадағалау жүргізу арқылы Американың әлемдік мүдделерін іске асыруға мүмкіншілік жасамақ.

АҚШ өзінің бүгінгі күні қол жеткізіп отырған үздік әскери беделіне және одақтастарның қолдауларына сүйене отырып, әлемде экономикалық, саяси және әскери қадағалау жүргізіп отыр. Ғаламшардың барлық стратегиялық маңызды аймақтарына ықпал етуде. Ал осы басымдықтардың барлығын сақтаудың құралы ретінде өзінің әскери күштерін (ядорлық қару) пайдалануда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің жаңашыл бастамаларында ядролық қарусыз әлем құруды үздіксіз айтып келеді. Америка тұрақтылық пен қауіпсіздікті қадағалау үшін пайдаланып отырған барлық жаңа қару түрлері керісінше барша адамзат баласына ақырзаман әкелуі әбден мүмкін. Бұл пікірмен әлемнің барлық жетекші қоғам қайраткерлері, беделді саясаткерлері толықтай келіседі және Қазақстан Республикасы Президентінің бұл ұсынысы төрткүл дүниенің төрт бұрышында қолдау тауып отыр. Қолдаушылардың арасында америкалық қоғам қайраткерлері мен саясаткерлері де бар. Дегенмен, 2011 жылдың ақпан айында америкалық басылымдарда мемлекеттің жаңа ядролық стратегиясы жарияланды. Онда ядролық арсенал Құрама Штаттардың қауіпсіздігін сақтаудағы ең басты құрал болып қала беретіндігі нақты басылған. Соңғы ондаған жылдарда Америкада қауіпсіздікті қадағалайтын басқа қару түрлерін ойлап табумен үздіксіз айналысып жатқандықтарына қарамастан АҚШ бүгінгі күні ядролық қарудан толықтай бас тарта алмайды (әрине, бұл тек АҚШ-қа емес, барлық ядролық қарулары бар мемлекеттерге қатысты.), керісінше жүктелген тапсырмаларды нақты және таңдай отырып орындайтын, ядролық қарудың жаңа түрлері ойлап табылуда.

Жаһандық жағдайдың осылай қалыптасуына орай, (бәлкім жағдай басқаша болса да қытай дәл осындай қимылдар жасар ма еді?) ҚХР да өзінің қуатты экономикасының жемістері арқылы әскери техникаларын жетілдіруді қарқынды жалғастыруда. Соңғы жылдары америкалық мамандар АҚШ үшін Қытай әскери саясаты ең басты қауіпке айналып бара жатқандығын үздіксіз ескертуде. Ақ үй құжаттарында Пекин белсенді түрде одақтас болуға ұмтылып жатқан азиялық мемлекеттермен тығыз стратегиялық қатынастар орнату туралы қайта-қайта жазылуда.

Екі держава арасындағы әскери бәсекелестік АҚШ пен ҚХР арасындағы қатынастардың қалыпты дамуына кері әсер етуде. Б.Обамамен ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның 2009 жылдың сәуір айындағы Лондон қаласындағы кездесулерінде американо-қытай стратегиялық және экономикалық келісімдеріне қол жеткізілді. Бұл келісімдерінде: ұлтаралық қақтығыстарды реттеу, ядролық қаруды таратпау жөнінде, АҚШ пен ҚХР арасындағы әскери ведомствалардың байланысын жақсарту және әлемдік дағдарысты игеру тәрізді екі мемлекет арасындағы барлық салалардағы ынтымақтастық талқыланды.

Америкалық әкімшілік келіссіздер барысында өзінің қаржылық жетіспеушілігін (дефицит) экономикалық жағдай жақсарғаннан кейін екі есеге қыстартуға уәде берді. Қытай өз тарапынан ішкі сұраныс сферасын кеңейтетіндіктерін және макрореттеулерді күшейтетіндіктерін жеткізді. Лондондағы кездесуден кейін АҚШ пен ҚХР-дың және басқа да жетекші мемлекеттердің көптеген саясаткерлері қандай да бір формадағы альянстың немесе екі жақтылы әріптестіктің жаңа жүйесін талқылай бастады.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының екінші жартысынан бастап Қытай өзінің бұрынғы сыртқы саясат ұстанымындағы «бейбіт өрлеу» концепциясын, одан да жұмсағырақ «гармониялық әлем» ұстанымына ұластыруы АҚШ назарынан тыс қалмады. Бұл өзгерісті америкалық тарап дүние жүзілік дағдарыс кезеңіндегі экономикалық серіктестікке ұмтылу деп қабылдады. Гармониялық әлем ұстанымының бағытында Қытай билігі Америка басшылығына Б.Обама келгеннен кейін әскери байланыстарды қайта жаңғыртуға келісті. Екі мемлекет арасындағы әскери сала кіші Буш билігі кезінде оның Тайваньға қару жеткізу туралы шешімінен кейін тоқырап қалған еді.

Лондондағы көшбасшылардың кездесулерін кейін Б.Обама 2009 жылдың қараша айында Қытайға жасалған сапарына дейінгі он ай аралығында үлкен екілік «G-2» туралы

барлық бұқаралық ақпарат көздерінде мақалалар жарық көрді. Қытайдың ішінде де барлық деңгейде жаңа форматтың жақсы-жаман жақтары талқыланды. «G-2» ұсынысын америкалық тарап жасағанымен, оның толықтай іске асу жолдары Б.Обаманың халықаралық сыртқы саясат бағдарламасында көрсетілмеген. Құрама Штаттардың президенті болып сайланар алдындағы бағдарламаларында Американың жаһандық көшбасшылығын сақтау туралы айтылған еді. Басымдықты басқаға бермек түгілі, ешкіммен оны бөлісе де алмайтындығы көрсетілген болатын. Әрине «G-2» аясындағы қарым-қатынас басымдықты басқаға беру немес Қытаймен бөлісу емес. Дегенмен, бұл ұсыныс америкалық кейбір саясаткерлердің қатал сынына ұшырады.

2009 жылдың 18 қарашасында Пекин қаласында Америка президенті мен ҚХР премьері Вэн Цзябаоның кездесуі болды. Кездесуде В.Цзябао Қытай үлкен екілік идеясына қарсы екендігін жеткізді. Ол: «Қытай әлі де болса тек дамушы мемлекет және оның халқының саны бір жарым млрд-қа жуық. Модернизацияланған мемлекет дәрежесіне жету үшін Қытайға әлі ұзақ жол жүру керек. Қытай тәуелсіз, өз бетімен бейбіт сыртқы саясат жүргізеді және басқа бір мемлекетпен немесе мемлекеттер топтастығымен одақтас болу ойында жоқ. Ал жаһандық мәселелер бір немесе екі мемлекеттің ақылымен ғана емес, әлемнің барлық мемлекеттерінің қатынасуымен шешілуі тиіс», -деп атап өтті [9].

Б.Обама мен Ху Цзиньтао кездесулерінен кейінгі бірігіп берген мәлімдемелерінде американо-қытай қатынастарында бес бағыт бойынша ашық, тереңдетілген және болашағы бар ынтымақтастық орнатылғандығы жариялады. Бірақ, бұл тек құжат жүзінде ғана қалған еді. Америка басшысының Қытайға сапары Ақ үй әкімшілігінде онша жақсы бағаланбады. АҚШ тарапы ұсыныстары қабылданбағаннан кейін, Қытай сыртқы саясатын сынға ала бастады. Америка тарапы Қытайдан жаһандық мәселелерді шешуге араласудан бөлек, басқа халықаралық қоғамға қауіп төндіретін держава еместігін көрсетуді талап етті. Ал мұндай кепілдік немесе уәде беру туралы Пекин сөз қозғаған да жоқ. Керісінше, Америка Құрама Штаттарынан Қытайдың ішкі ісіне араласпауын сұрады. Америкалық әкімшілік ресми Пекиннің бұл ұстанымына басқаша баға берді. Қытай асықпай, аса сақ және баяу қимылдан нақты жоспарланған, берік ұстанымды қатынастарға көшті және бұл қытай-американ қатынастының ең бір сезімтал жерлеріне тиді. Қорытындысында, 2010 жыл толықтай қытай-американ қатынастарының тоқырау кезеңіне айналды. Америкалық Google компаниясының айналасындағы қайшылықтар; АҚШ-тың Тайваньға қару жеткізу міндетін орындауға ұмтылуы, оған жауап ретінде ресми Пекин ресми Вашингтонмен әскери басланыстарды үзуі; Ақ үйде Далай-ламаның ресми қабылдауда болуы; Құрама Штаттардың Қытайдағы адам құқығы шектелуі мен аз ұлттардың қорғалуы мәселесін сынға алуы; Америкадағы тегі қытайлық американдықтардың айналасында қытай барлау және тыңшылық қызметіне қатыстары бар деген желеумен болған қайшылықтар; ҚХР-дың ирандық ядролық қаруға қарсы Америка бағдарламасына қолдау көрсетуден бас тартуы; юаньды ревальвация жасау талаптарына және Қытаймен саудадағы американдық дефицитті қысқартуға келісім бермеуі; Оңтүстік-Қытай теңізіндегі даулы территорияларға қатысты Қытайдың келіспеушілігіне АҚШ-тың қатал жауаптары; Корей түбегіндегі дағдарыс; қытайлық Лю Сяобоға Нобель сыйлығын беру айналасындағы даулар, осының барлығы қытай-американ қатынастарының тоқырау кезеңінің көріністері.

Осыған қарамастан мемлекеттер арасындағы саясат саласында бұл қайшылықтар мен қақтығыстар көрініс бермеді. Ал екі жақты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарда жағдай ушыға түсті. Аталған қайшылықтардың барысы қақтығыстарға ұласып кетпеуіне тек экономикалық өзара тәуілділік қана тоқтау болып тұр. Қытай бүгінгі күні Америкаға бірін-бір несие берушіге айналып отыр. АҚШ қазынасындағы құнды қағаздардың 900 млрд. долл. астам бөлігі Қытайға тиесілі (кейбір бейресми деректер бойынша – 1 трлн. долл.), ал бұл қаражат американың төлем балансының жетіспеушілігін қаржыландырып отыр [10].

РҒА Қиыр Шығыс институтының бас ғылыми қызметкері Яков Бергер өзінің мақаласындамындай пікір білдіреді. «Қытай ІЖӨ көлемі бойынша әлемде екінші орынға көтерілді және бірінші орынға қарқынды түрде жақындап келеді. Қытай экономика саласында да басқа салаларда даму, өсу үстінде болса, америка керісінше құлдырау, тоқырау екзеңін бастан кешіріпде. Бұл АҚШ сыртқы қарыздарының өсуінен, жұмыссыздықтың артуынан анық көрініп отыр. Сондықтан АҚШ пен ҚХР арасындағы бітіспес бәсекелестігі бүгінгі күннің және алдағы бірнеше ондаған жылдардың заңды оқиғасы. Бұл үдеріс ҚХР өз көздеген мақсатына, яғни әлемдегі бірінші ұлы державаға айналғанға дейін жалғаспақ. Ал АҚШ өздеріне ұнамайтын сценарийді еріксіз мойындау тиіс» [11].

Қытай әлемдік экономикада бірте-бірте ең ірі несие берушіге айналып келеді. Бұл салада ол Американы ығыстырып, соңғы жылдары Дүние жүзілік банктен де көбірек несие берді. Өз тауарларына жаңа нарықтық аймақтар ашып беріп отыр. Сол арқылы Америкаға деген тәуілділігін кеміте отырып, Еуропадағы ықпалын күшейте түсті. Бүгінгі күні Қытай әлемдік экономиканың «негізгі жүрегіне» айналды және оның үздіксіз жұмыс істеуі аса маңызды. Қытай экономикасының маңыздылығы сол, Америкалық қаржылық дефицитті жаба отырып, ол АҚШ долларының құнсызданбауына көп көмегін тигізуде. Сондықтан, АҚШ пен ҚХР арасындағы экономикалық және ақша-қаржылық өзара байланыс, қандай саяси оқиға болмасын екі ел арасындағы қатынастың қарулы қақтығыстарға ұласпауына кепілдік болып отыр. Бұдан шығатын қорытынды, 2010 жылы орын алған екі ел арасындағы тоңды жібітуге тараптардың әрқайсысы мүдделі.

2011 жылдың 18-21 қаңтары аралығында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның АҚШ-қа мемлекеттік ресми сапары орын алды. Бұл ХХІ ғасырдағы ҚХР төрағаларының АҚШ-қа алғашқы ресми сапары. Сарапшылардың пікірлері бойынша бұл сапар ҚХР мен АҚШ арасындағы соңғы 30 жыл екіжақты қарым-қатынастарындағы аса маңызды тарихи оқиға. Нақ осы сапар, қытай-американ қатынастарындағы қайшылықтарды артқа тастап, екіжақты өзара құрмет, өзара түсіністік, ортақ пайда мен шынайы әріптестік кезеңіне жол ашады. Ресми Вашингтон халықаралық тәртіпте қалыптасқан дипломатиялық протоколдың барлық дәстүрлерін ерекше қадағалау арқылы екіжақты қатынастардың шиеленіспеуіне мүдделі екендіктерін көрсетті. Б.Обама өзінің ресми баяндамасында Дэн Сяопин есімін екі мәрте еске түсірді. Бұл ҚХР ұстанған саяси бағыттарға құрмет ретінде бағаланды. Өз кезегінде ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаода екіжақты қатынастың қарқынды дамуына мүдделі екендігін сыпайы жеткізді. Қайшылықтар бар аспектілерді талқылауда басшылар бір-бірінің ашуына тимеуге тырысты. Бірақ тараптар Қытай юанының айырбастау курсына және американың экономикадағы монетарлы саясатына қатысты сұрақтарда ортақ келісімге келе алмады. Вашингтон Пекинді юань құнының өсуін жасынды жолмен тежеп отыр деп айыптаса, қытай басшылары ҚХР экономикасындағы инфляция өсуін АҚШ ФКЖ (Федеральды қор жүйесі) саясатынан көріп отыр.

Дегенмен Қытай басшылары өз нарығына америкалық компаниялардың келуін жеңілдетуге, оларға қытайлық компаниялармен тең дәрежедегі бәсекелістікке жағдай жасауға келісімін берді. Ал АҚШ өз кезегінде ҚХР аумағына жоғары технологиялық өнімдердің экспортын шектемеуге келісті. Б.Обама: «Қытайдың экономикалық өсуі АҚШ-та жұмыс орындарының көбеюіне мол мүмкіндік береді. Біз сіздерге ұшақ, машина, компьютерлік программалар сатуға дайынбыз», - деп мәлімдеді [12].

Келіссөздердік қорытындысы бойынша 70 астам келісім-шарттарға қол қойылды. Нәтижесінде АҚШ экспорт көлемін 45 млн. долларға жеткізуді көздейді. Бұл өз кезегінде 235 мың американдықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік бермек. Сонымен қатар, авиациялық өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, машина жасау және праграммалық жабдықтау салаларында келісім-шарттар жасалған. Жекелей айтсақ, АҚШ Қытайға жалпы құны 19 млн долларды құрайтын 200 Boeing компаниясының ұшағын сататын болды. Бұған қоса, қытаймен алюминий алыбы Alcoa, аэрокосмостық корпорация Honeywell, АЭС-на ядролық реакторлар мен жабдықтар өндіруші Westinghouse, құрылыс және тау

өндеу техникаларын шығарушы Caterpillar, сонымен қатар General Electric сияқты американдық алып компаниялар келісім-шарт жасасқан.

Экономикалық мәселелермен қатар, көшбасшылар Корея түбегіндегі жағдай, Иран ядролық бағдарламасына бағышталған санкция саласындағы ынтымақтастық, Солтүстік Судандағы референдум тәрізді саяси мәселелерді де талқылады. АҚШ президенті адам құқығын қорғау тақырыбын өрбітуге тырысты. Ху Цзиньтао бұл тақытыпта өз әріпесімен әңгімелесуге дайын екендігін, бірақ мемлекеттің ішкі мәселесіне қол сұқпау қағидасы сақталуын ескерті. Ху Цзиньтао адам құқығын қорғау саласында қытайдың алдында атқаратын жұмыстардың әлі көп екендігін мойындады.

Жалпы алғанда Ху Цзиньтао мен Барак Обама екі жақты қарама-қайшылықтарды барынша реттеуге, бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас жасауға ұмтылды. Екі жақты кездесудің тағы бір ерекшелігі, бұл екі елдің ресми көшбасшыларының мемлекет басшысы ретіндегі соңғы кездесуі еді.

Қытайда 2012 жылы қараша айында билік төраға Ху Цзиньтаодан оның орынбасары Си Цзиньпинге ауысса, АҚШ-та президент сайлауында Б.Обама жеңіске жетті. Екі алып державалардың арасындағы ендігі қиыншылықтар мен жаңа мәселелердің барлығы, біріншіден ҚХР мен АҚШ-тың ішкі жағдайының болашақта қалай дамуына, екіншіден мемлекет билігіне келген жаңа басшыларының әрекеттеріне тікелей байланысты. Қалай болғанда да осы екі мемлекеттің өзара қатынастарымен әлемдік дамудың бағыты өлшенетіндіктен және адамзат баласының болашағы осы екі мемлекеттің дамуына тікелей байланысты десек, бейбіт Қазақстанда өмір сүре отырып, аталмыш мемлекеттердің қарым-қатынастары лайым жақсы болсын дегіміз келеді.

Әдебиеттер

1 Ломанов А. Многополярная гегемония // Россия в глобальной политике. – 2008. – Том 6, № 5.

2 Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.inosmi.ru/print/246645.html> - (Дата обращения 02.01.2013).

3 Айкенберри Д. Подъем Китая и будущее Запада; Бергстон Ф. Партнерство равных // Россия в глобальной политике. 2008. - Том 6, № 5.

4 Китайские политические оценки некоторых теоретических и практических аспектов современной ситуации в мире и межгосударственных отношений // ИДВ РАН. Экспресс-информация. - 2013. - №1.

5 Савинский С.П. Китай и финансовый кризис США / В: Экономика КНР: меры по преодолению влияния мирового кризиса. - М.: ИДВ РАН, 2012.

6 Болютко А.В. Отношения КНР - США: Переломный период? // Китай в мировой и региональной политике. История и современность. – 2012. - Выпуск XVI.

7 Глазунов О.Н. Китайская угроза. - М., 2010.

8 Кузнецов И. «Глобальная конвергенция» в контексте внешнеполитической стратегии США // Международная жизнь. – 2012. - № 4.

9 Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.russian.people.com.cn/31521/6817249.html> - (Дата обращения 12.01.2013).

10 Давыдов А.С. Китайско-американские отношения в 2009-2011 гг. / Китайская Народная Республика: политика, экономика, культура. 2011-2012. Отв. ред. Титаренко М.Л. - М., ИДВ РАН, 2012.

11 Бергер Я. Китай: Курс на осторожные реформы: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: http://www.ng.ru/courier/2012-10-15/10_china.html - (Дата обращения 14.01.2013).

12 Феруза Джани. Китай-США: Сотрудничество или противостояние?: Электронный ресурс. - Режим доступа URL: <http://www.fergananews.com/articles/6872> - (Дата обращения 17.01.2013).

Жекенов Д.К.

Фактор Китая на внешней политике США

В данной статье автор рассматривает сотрудничество США и КНР. Роль этих государств в создании нового глобального мирового порядка, как основных акторов МО.

Zhekenov D.K.

China factor on U.S. foreign policy

In this article, the author examines the cooperation between the U.S. and China. The role of the state in creating a new global world order, as the main actors of IR.

УДК 327.1(574)

Бегалинова К.К., *д. филос. н., профессор КазНТУ им. К.И. Сатпаева,*
Ашилова М.С., *магистр философии КазУМОиМЯ*
им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

**ЭКСТРЕМИЗМ И ТЕРРОРИЗМ КАК ПОТЕНЦИАЛЬНАЯ УГРОЗА
БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА**

В данной статье автор рассматривает вопрос потенциальных угроз современное время. Опасность потенциальных угроз для Казахстана. Роль РК в международных отношениях. Встаёт проблема религиозной безопасности, под которой понимают отсутствие угроз для развития общества, её целостности, реализацию важнейших целей и функции межконфессиональной политики государства. Следует заметить, что в концепциях национальной безопасности нашей республики, в законодательных документах по образованию недостаточно внимания уделяется религиозной безопасности, воспитанию религиозоведческой культуры подрастающего поколения. Следует заметить, что именно религиозная неграмотность населения служит питательной почвой для появления деструктивных религиозных направлений, причиной широкого распространения в стране различных религиозных объединений. Кроме этого, активизация религиозных объединений обусловлено ещё следующими причинами.

Ключевые слова: Безопасность, экстремизм, диалог, политические связи, коллективное сознание

За годы независимости в нашей стране произошли кардинальные изменения в экономической, социально-политической, духовной сферах. Изменилась и поликонфессиональная ситуация. Так, если на 1 января 1989 г. в Казахстане было около 700 религиозных объединений, принадлежавших к 30 конфессиям, то в 2011 году (до принятия Закона о религиозной деятельности и религиозных объединениях) насчитывалось свыше 40 конфессий и деноминаций, 4551 религиозных объединений, многие из которых имеют руководящие религиозные центры за рубежом.

Появились новые, нетрадиционные для Казахстана, религиозные течения, среди которых всё большее распространение получает рост протестантских объединений. Они проводят целенаправленную, систематическую работу по привлечению в свои ряды казахского населения республики. На казахский язык переведена Библия, на казахском языке проводятся богослужения, в общинах активно изучается казахский язык. Последствия подобной деятельности проявляются в том, что определённая часть государствообразующего этноса меняет традиционные культурно-религиозные ориентиры. Данное обстоятельство может явиться одной из причин внутренних этнических конфликтов. Деятельность этих организации может негативно отразиться и на процессе возрождения национального самосознания, национальной культуры.

В этой связи встаёт проблема религиозной безопасности, под которой понимают отсутствие угроз для развития общества, её целостности, реализацию важнейших целей и функции межконфессиональной политики государства. Следует заметить, что в концепциях национальной безопасности нашей республики, в законодательных документах по образованию недостаточно внимания уделяется религиозной безопасности, воспитанию религиозно-культурной культуры подрастающего поколения. Следует заметить, что именно религиозная неграмотность населения служит питательной почвой для появления деструктивных религиозных направлений, причиной широкого распространения в стране различных религиозных объединений. Кроме этого, активизация религиозных объединений обусловлено ещё следующими причинами. Во-первых, в нашей стране имеется значительное количество людей, индифферентных к религии, есть такие, которые колеблются между верой и неверием. Они рассматриваются миссионерами как основная цель пропаганды своей веры. Во-вторых, подавляющее большинство зарубежных миссионеров являются протестантами и им легче склонить к своей вере людей, поскольку в их учении упор делается на предпринимательство и финансовый успех. К тому же, у миссионеров-протестантов накоплен огромный опыт приспособления к самым различным условиям, что придаёт гибкость в их работе, умение действовать с учётом обстановки, психологии различных групп населения. Большую ставку они делают на молодёжь, хорошо знают её меняющиеся потребности и вкусы. В-третьих, для нетрадиционных религий характерны специфические процессы дедогматизации, секуляризации, которые облегчают возможность вступления человека в религиозную организацию. Эти организации открыты для новшеств, учитывают вкусы различных групп населения.

Сегодня в Казахстане происходит изменение национального состава верующих. На богослужениях, наряду с немцами, поляками, русскими, белорусами, можно встретить и казахов.

Особенно активную деятельность по привлечению казахского населения в свои ряды проводят так называемые харизматические нетрадиционные конфессии. Многие из них являются тоталитарными. Они несут реальную угрозу национальной безопасности. Нельзя упускать из виду, что религия является мощным инструментом контроля над общественным сознанием; религиозный фактор выступает как действенное средство реализации различными силами определённых целей; массовое сознание легко поддаётся внушению и соответственно легко управляемо.

Следует отметить, что анализ имеющихся материалов свидетельствует, что Казахстан является объектом пристального внимания со стороны исламских религиозных объединений, рассматривающих его в качестве базы для увеличения числа своих сторонников.

В силу прозрачности границ и общности менталитета с государствами, в которых радикально настроенные элементы уже приобрели определённые позиции (Узбекистан, Таджикистан, Кыргызстан, северо-кавказский регион России), близости т.н. «горячих точек», не исключается возможность попыток внешнего воздействия, нацеленного на создание в нашей стране структурных звеньев международных террористических и религиозно-экстремистских организаций.

Наиболее активна в этой сфере международная религиозно-экстремистская партия «Хизб-ут-Тахрир», распространяющая среди определённой части населения республики идеи по построению всемирного исламского государства «Халифат». С середины 1990-х годов Хизб-ут-Тахрир начал активную деятельность на территории бывшего СССР, в частности, в Узбекистане, Таджикистане, Кыргызстане, а с 2000 г. и в Казахстане [1]. К числу экстремистских организаций относится «Таблиги Джамаат», нашедшая распространение в Жамбылской, Мангистауской областях, частично в Петропавловске, организация «Ахмадие» в Восточно-Казахстанской области (Семипалатинск).

Основной проблемой для южных и западных регионов страны остается распространение радикальной религиозной идеологии, активизация деятельности представителей таких религиозных течений турецкого происхождения, как нуризм, «Тарихатшилар», «Сулейменшилер», религиозно-политической партии «Хизб-ут-Тахрир» (Исламская партия освобождения) и движения «Таблиги Джамаат» (Общество исламских улемов). Особый интерес для салафитов, различного рода миссионеров экстремистского толка представляют западные регионы Казахстана, что обусловлено большими нефтегазовыми ресурсами. Не удивительно, что они уже воспитали местные кадры, которые ведут активную работу по прозелитической деятельности.

Религиозная миссионерская организация «Таблиги Джамаат» продолжает активно предпринимать попытки пропаганды своей идеологии и увеличения сторонников. В Республику Казахстан представители «Таблиги Джамаат» начали прибывать из стран Арабского Востока, Пакистана и Кыргызстана с 1998 г. группами в количестве 5-10 миссионеров. В целях привлечения большего числа своих приверженцев, активисты данного течения периодически организуют трех, десяти и сорокадневные поездки («дагуаты») по селениям и городам. Данные действия джамаатовцев способствуют широкому распространению идеологии «Таблиги Джамаат» на всей территории Казахстана.

Радикально-террористической организацией выступает и «Талибан». Данная организация формировалась в течение 1994 г. при участии некоторых пакистанских мусульманских деятелей как религиозно-политическое движение Афганистана. За короткий срок превратилась в крупное экстремистское движение. Важным источником финансирования движения выступает производство и реализация наркотиков. В своей деятельности «Талибан» использует террор, поддерживает тесные связи с незаконными формированиями, действующими в Чечне, на Кавказе, в центральноазиатских и других государствах. Члены этой организации предпринимали попытки захвата власти в этих государствах, в частности в Узбекистане, Таджикистане и Кыргызстане.

В последние десятилетия терроризм интернационализировался, появились международные и транснациональные группировки, возникла связь и взаимодействие между некоторыми террористическими организациями. Они свои паучьи сети разбросали по многим странам и представляют потенциальную угрозу мировому сообществу.

С учетом растущей угрозы и масштабов распространения терроризма и религиозного экстремизма в Центрально-азиатском регионе все более актуальным становится вопрос о противодействии тем лицам и организациям, которые борются за власть, прикрываясь религиозной риторикой, используя методы террора, разжигания межконфессиональной и межнациональной розни.

Для преодоления проблемы роста религиозного экстремизма могут применяться политические, социологические, психологические, информационные, силовые и другие формы борьбы.

Общество при помощи общественных и религиозных объединений, средств массовой информации должно противодействовать религиозному экстремизму, противопоставляя экстремистским идеям гуманистические идеи и принципы толерантности, гражданского мира, межнационального и межконфессионального согласия.

Опыт многих государств мира свидетельствует о необходимости комплексного подхода к борьбе с распространением радикальной идеологии.

Важную роль призвана сыграть правоприменительная практика. В соответствии с нормами права, ответственности должны подлежать не только организаторы и исполнители преступных религиозно-экстремистских акций, но и их идейные вдохновители. Эффективность борьбы против религиозного экстремизма в Казахстане зависит от того, насколько последовательно и строго выполняются требования закона.

Следует подчеркнуть, что во многих исследовательских работах причинами высокой латентности преступлений экстремистской направленности признаются:

- недостаточная разработанность категориально-понятийного аппарата;
- состояние общественного мнения, которое в современных условиях отличается невосприятием подавляющим большинством населения страны ввоза, изготовления, сбыта и распространения материалов экстремистского толка как общества опасного явления;
- высоко законспирированный характер преступной деятельности и
- отсутствие очевидных ее последствий;
- недостаточный уровень профессиональной подготовки работников правоохранительных органов по выявлению и расследованию этих преступлений;
- отсутствие целевой ориентированности правоохранительных органов на выявление этих преступлений, которые на фоне сложной криминогенной ситуации (убийств, бандитизма, разбоев и тому подобное) рассматриваются как второстепенные дела и им не уделяется должное внимание.

Как видим, преступления экстремистской направленности являются составной частью преступности в целом, и они обусловлены теми же факторами, которые присущи и другим видам преступлений. Корпорацией RAND были проанализированы судьбы сотен террористических организаций и групп, оперировавших в последние четыре десятилетия, и установлено, по каким причинам они прекращали своё существование. «В рамках исследования были проверены истории 648 террористических структур, существовавших в период с 1968 по 2006 год. Примерно 62% из них ныне не существуют. В большинстве случаев террористические группировки прекращали своё существование по двум причинам: либо они отказывались от насилия и включались в нормальный политический процесс (в 43% случаев), либо правоохранительные органы уничтожали или иным образом обезвреживали их ключевых лидеров (40% случаев). Лишь в 10% случаев террористов смогли уничтожить вооружённые силы государств. В 7% случаев террористам удавалось добиться победы – то есть реализации политических целей своей деятельности. В целом, сложнее всего победить террористические организации, которые идеологически опираются на религию – с «светскими» террористами (например, националистами, анархистами, неонацистами, коммунистами и пр.) государствам справиться заметно проще. «Религиозные» террористы чаще всего появляются в «бедных» государствах мира, в свою очередь, «богатые» государства чаще порождают «светских» террористов. В целом государства мира смогли уничтожить 62% террористических структур – для «религиозных» террористов этот показатель составляет лишь 32%. В то же время «религиозные» террористы ещё ни разу не смогли добиться политической победы. Шансы на победу больше у террористических группировок, обладающих большим количеством членов... Чем более многочисленна террористическая структура, тем больше шансов, что она избегнет уничтожения, добровольно не откажется от насилия и будет существовать долгое время. Шансы на победу террористов возрастают, если последние переходят к партизанской тактике» /2/. И эти обстоятельства необходимо учитывать любому государству при противодействии экстремизму и религиозному терроризму.

Религиозный экстремизм в Казахстане выступает явлением, которое масштабно не проявилось. На территории нашего государства нет внутренних предпосылок для террористических и экстремистских проявлений по причине отсутствия социальной и политической базы, чему способствует взвешенная политика, проводимая руководством нашей страны. На сегодняшний день можно сказать определенно, что в Казахстане выработан целый комплекс противодействия терроризму. Конституцией нашей Республики запрещены создание и деятельность общественных объединений, цели и действия которых направлены на насильственное изменение конституционного строя, нарушение целостности республики, подрыв безопасности государства, разжигание социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, а также создание не предусмотренных

законодательством военизированных формирований. Создана солидная законодательная база по противодействию терроризму, экстремизму; подписаны ряд международных договоров, соглашений в области борьбы с терроризмом.

Тем не менее, ситуацию нельзя рассматривать однозначно. Сложившиеся государственно-конфессиональные отношения характеризуются рядом тенденций и проблем, требующих внимательного рассмотрения и решения.

Поэтому обеспечение безопасности, внешней и внутривнутриполитической стабильности через этническую и конфессиональную консолидацию отдельных государств и всего мирового сообщества в целом, представляется важнейшим и обязательным условием для решения глобальных проблем человечества.

Этнорелигиозная ситуация в Казахстане сегодня признана одной из самых стабильных в мире. Очевидно, что уникальный опыт нашей страны по сохранению согласия и доверия в полиэтническом обществе весьма актуален в эпоху глобализации. Этот опыт может выступить основой для создания новых механизмов взаимодействия на международном уровне.

Государственная политика в отношении религии объединяет, а не разделяет, консолидирует, а не противопоставляет людей. Её идеологию составляют толерантность, веротерпимость и внимательное отношение к верующим всех религиозных направлений. Духовное единство народа Казахстана является необходимым условием для политического, социального и экономического развития страны, для укрепления ее независимости, консолидации народа, идущего по пути мира, созидания и прогресса.

Список литературы

- 1 Религия и право Информационный бюллетень. - 2009. – № 4. – С. 68.
- 2 Карпец И.И. Преступления международного характера. - М.: Юрид. литература, 1979.

Бегалинова К.К.

Қазақстан қауіпсіздік жүйесінде экстремизм және терроризм мәселелері

Мақалада қазіргі кездегі жаңа қауіп – қатерлердің Қазақстан үшін қаншалықты қауіпті екендігі сарапталған. Автор халықаралық қатынастардағы ҚР ролі мен алатын орның және оның тың бастамалары анықталған.

Begalinova K.K

Extremism and terrorism as a potential threat SAFETY OF KAZAKHSTAN

The author considers the threat to carriers by terrorism and extremism to the security of the Republic of Kazakhstan.

УДК 327.722.79

**Изтаева В.А., к.п.н., доцент кафедры МО.,
Курпебаева Г., магистр 2 курс КазУМОиМЯ
им. Абылай хана, Алматы, Казахстан**

"ҮЛКЕН СЕГІЗДІКТІҢ" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

"Сегіздік" – белгілі және сол уақытта әлемдік саясатта аз талқыланған феномен. "Сегіздік" халықаралық жүйеде маңызды халықаралық институттардың бірі ретінде. Қазіргі таңда "Үлкен сегіздік" жаһанды дамуда маңызды рөл атқарады. Ықпалды

халықаралық институттардың бірі бола отырып, "Үлкен сегіздік" халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымында елеулі орынға ие. Әлемдік экономикалық, әлеуметтік және саяси үрдістердің өзгеруіне саммит барысында қабылданған шешімдер мен оларды жүзеге асыруға бағытталған таңдаулы форма мен механизмдер де ықпалын тигізеді.

Тірек сөздер: Сегіздік, БҰҰ, НАТО, гегемония

Аса танымал заманауи саясаткер Р.Кохэнның айтуы бойынша, бүгінгі таңда әлемдік саясатты зерттеу – әлемдік саясатты реттейтін ережелер мен осы ережелерді ұстанып, жүзеге асыратын ұйымдар мен халықаралық институттарды зерттеуді білдіреді [1].

Біздің еліміздегі және шетелдегі зерттеуші – халықаралық қатынастар мамандарының көбісі үшін халықаралық институттардың жұмыс істеу механизмі мен қағидаларын түсіну – әлемдік жүйенің қалай жұмыс атқаратынын түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда индустриалды дамыған мемлекеттердің тобы сияқты әмбебап халықаралық институтқа ерекше көңіл бөлінетіні де заңды сияқты. Өзінің құрылғанына отыз жылдан сәл астам уақыт өтсе де "Үлкен сегіздік" қалыптасып келе жатқан әлемдік жүйенің өзекті институттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда "Үлкен сегіздік" жаһанды дамуда маңызды рөл атқарады. БҚПалды халықаралық институттардың бірі бола отырып, "Үлкен сегіздік" халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымында елеулі орынға ие. Әлемдік экономикалық, әлеуметтік және саяси үрдістердің өзгеруіне саммит барысында қабылданған шешімдер мен оларды жүзеге асыруға бағытталған таңдаулы форма мен механизмдер де ықпалын тигізеді.

Батыс әлемінің алдыңғы қатарлы елдерінің басшылығы үшін экономикалық және әлеуметтік проблемаларды ушықтырған энергетикалық дағдарыс жағдайында, өткір мәселелерді ашып айтып, оларды келісіп шешуге бағытталған шара қолданатын тиімді консультациялардың инновациялық механизмін құру қажеттілігі туды.

Тарихта көпжақты мемлекетаралық қатынастарды реттеуге бағытталған ұқсас бейресми механизмдер өмір сүрген (қазір де әрекет ететіндері бар). Олардың арасындағы ең танымалы – Наполеон соғыстарынан кейін қалыптасқан "Еуропалық концерт". Ал екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің батыс мүшелер "үштігін" (АҚШ, Англия және Франция), НАТО "үлкен төрттігін" (құрамында жоғарыда аталған державалар және Германия) атап кетуге болады. Алайда осы уақытқа дейін құрылған және қазір де қолданыстағы механизмдердің ешқайсысы "Үлкен сегіздік" сияқты ғаламдық географиялық және функциялық ауқымға ие болған жоқ. Сонымен қатар халықаралық оқиғаларға ықпал ете алатындай елеулі мүмкіндіктерге де ие болған емес.

"Үлкен сегіздік" – әлемдік саясаттың кең танымал әрі толыққанды зерттелмеген феномені. Ресеймен қатар Англия, Германия, Италия, Канада, АҚШ, Франция және Жапония мемлекеттері кіретін "Үлкен сегіздік" – әлемнің алдыңғы қатарлы индустриалды демократиялық мемлекеттерінің халықаралық – саяси және қаржы – экономикалық бағыттарын үйлестіретін маңызды бейресми механизмдердің бірі болып табылады.

Бұл клубтың құрылу тарихы 1975 жылдың қараша айында басталған. Сол кездегі Францияның президенті В. Жиска д'Эстен Рамбуйе сарайына жабық түрде өткен кездесуге АҚШ-тың, Англияның, Германияның, Италияның және Жапонияның лидерлерін шақырған еді. Ол кездесуде батыс экономикасының энергетикалық дағдарыстан шығу жолдары талқыланған болатын. Бұл тәжірибе таңданарлықтай сәтті өтіп, жоғарғы деңгейдегі дипломатияның әмбебап институтына жол ашты.

Алғашқыда топтың мақсаты энергетикалық және экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын іздеу болғанына қарамастан, әу бастан күн тәртібі кең, жаһанды сипатқа ие бола бастады. Асылында топтың негізгі функциялар анықтамасында-ақ "бүкіл индустриалды әлем мен дамушы елдердің өркендеуі үшін" сол мемлекеттер лидерлерінің жауапкершілігі айтылған [2].

